



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 29 » тамыз 2024 жыл
Тел\факс 87134678302
e-mail: mektep.terekti@mail.ru

№ 128

от « » _____ 2024 года
Тел\факс 87134678302
e-mail: mektep.terekti@mail.ru

Өзін-өзі аттестаттау жұмыстары туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 ж. №12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы нұсқаулығы, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №18 2-4-06/364 хатын басшылыққа ала отырып

Бұйырамын:

1. 2024 жылдың 02.09 – 27.09 аралығында өзін-өзі аттестаттау жұмыстары жүргізілсін.
2. Өзін-өзі аттестаттау жұмыстарын жүргізу үшін төмендегі комиссия құрылсын
Комиссия төрағасы:
 1. Нурсултанов Б.М. – мектеп-балабақша директоры, комиссия төрағасыКомиссия мүшелері:
 1. А.О.Бердигалиева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
 2. М.К.Илясова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 3. Т.Б.Боранбаев – шаруашылық меңгерушісі
 4. Б.Ғ.Жақсылық – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы
 5. А.Қ.Төрежанова – балабақша әдіскері
 6. Г.Н.Досанова – хатшы
3. Мектептің өзін-өзі аттестаттау қорытындысы 2024 жылы 27 қыркүйек күні педагогикалық кеңесте қаралсын.
4. Мектептің өзін-өзі бағалау материалдары 2024 жылы қазан айында интернет ресурстарында орналастырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-балабақша директоры:



Б.М.Нурсултанов

Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігі
Ақтөбе облысы білім саласындағы бақылау департаменті

Ақтөбе облысы Білім басқармасы Темір ауданы бойынша білім бөлімінің
«Теректі мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалауы

«Ақтөбе облысы Білім басқармасы Темір ауданы бойынша білім бөлімінің
«Теректі мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ АНЫҚТАМАСЫ

Ақтөбе облысы, Темір ауданы Тасқопа ауылы,
Мектеп көшесі, 22.

27.09.2024ж.

Бағалау түрі: өзін-өзі бағалау

Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін негіз:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Теректі мектеп-балабақшасы» КММ-нің 2024ж 29 тамыз күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімімен, 29.08.2024 ж. №128 бұйрығы негізінде 2024 жылдың 02- 27 қыркүйек аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, өзін-өзі бағалау жұмысы келесі құрамда бекітілген комиссиямен өткізілді:

1. Нурсултанов Бекбол Мынбаевич – мектеп-балабақша директоры, комиссия төрағасы;
2. Бердигалиева Айнагул Орыновна - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі;
3. Илясова Мирангул Кайрзамановна - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
4. Боранбаев Талап Беркінұлы - шаруашылық менгерушісі, комиссия мүшесі;
5. Төрежанова Айжан Құдайбергенқызы-балабақша әдіскері, комиссия мүшесі;
6. Досанова Гулшара Назарбаевна - хатшы;

Комиссия құрамы мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттары бойынша білім беру қызметінің сапасын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы «Теректі мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Темір аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Теректі мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Тасқопа ауылдық округі, 030809,
Тасқопа ауылы Мектеп көшесі-22,

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт): Байланыс телефоны: 8 (713) 46 78302

Мектептің электрондық поштасы: tereketi_mektep_05@mail.kz

Мектептің web-сайты: <http://tereketi-shs.edu.kz/>

Мектептің Инстаграм парақшасы: <https://www.instagram.com/terektischool2005>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ТАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Мектеп-балабақша директоры Нурсултанов Бекбол Мынбаевич

2021 жылы 24 тамызда Темір аудандық білім бөлімінің №187 бұйрық негізінде

Теректі мектеп-балабақшасының директор қызметіне тағайындалды.

Ұялы телефоны: 87056046165

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 12 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 30 сәуір. БСН 970440002477

Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысының әкімдігі».

Мектеп жарғысы: Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 11.01.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 490 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады)

«Темір аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Теректі мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысы әкімдігі 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490қаулысымен. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті 11.01.2021 №110-190-13ММ болып тіркелді. **Рұқсат етуші құжаттар**

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 30.03.2016 жылы №KZ88RVK00009961 берілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 01.02.2021 жылы №KZ26RVK00030865 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаментімен 17.02.2017 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ79LAA00023999 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

«Медициналық қызмет» лицензиясы №10772DD 17.11.2012 жыл, қосымшасымен. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мекемесі.

2. Кадрлық құрамға талдау

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер; 2022-2023 оқу жылы.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 28 педагог (оның ішінде 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер) жұмыс атқарды. Оның ішінде 1 магистр(3,57%) , тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер-27 педагог (82%) , техникалық және кәсіптік білімі бар -1 (3,57%).

28 педагог ішінде: санаты жоқ-7, «педагог-модератор»-5, «педагог-сарапшы»-8, «педагог-зерттеуші»-8, «педагог-шебер»-0.

Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 57,14%.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны-5,оның ішінде «педагог-модератор»-0, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-зерттеуші»-4. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам-100%-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны-20, оның ішінде: «педагог»-5, «педагог-модератор»-5, «педагог-сарапшы»-6, «педагог-зерттеуші»-4. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы-50 %-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 28 педагог (оның ішінде психолог-1, әлеуметтік педагог-1) жұмыс атқарды. Оның ішінде, тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер-27 педагог (82%), техникалық және кәсіптік білімі бар -1 (3,57%), 1 магистр (3,57%) 28 педагог ішінде: «педагог»-7, «педагог-модератор»-5, «педагог- сарапшы»-8, «педагог-зерттеуші»-8, «педагог-шебер»-0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам

57,14 %.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны-5: «педагог-модератор»-0, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-зерттеуші»-4. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам-100 %-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны-21, оның ішінде: «педагог»-6, «педагог-модератор»-5, «педагог-сарапшы»-6, «педагог-зерттеуші»-4. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы- 47,6 %-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2024-2025 оқу жылы. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі №339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу- педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.

«Теректі мектеп-балабақшасында » КММ-де педагогтер саны-26, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер-25; техникалық және кәсіптік білімі бар педагогтер -1. Магистр дәрежесі бойынша -1 педагог. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кадырова Н.С- С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесі берілген. 27.06.2014 жылы бітірген. **Сапалық құрам-96,15%.**

2024-2025 оқу жылындағы жағдай бойынша бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері)- 5 мұғалім. Оның ішінде: «педагог-зерттеуші»-4, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-модератор»-0, Сапалық құрам – 100 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша білім беру мектептері үшін 25 %-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері-21, оның ішінде: «педагог-зерттеуші»-10, «педагог-сарапшы»-5 «педагог-модератор»-7, педагог-3 мұғалім. Сапалық құрам- 71 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін - 35 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланды.

Ескерту: 2024 – 2025 оқу жылының кестелік ақпаратқа мұғалімдер санына 1 әлеуметтік педагог пен 1 педагог – психолог енгізілді.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде №13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында 7 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-зерттеуші»-0, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-модератор»-7. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 3 педагог, оның ішінде «педагог сарапшы»-1, «педагог-модератор»-2

тиісті біліктілік санатын алған. Ал қалған 5 педагог педагогтердің білімін бағалаудан өтпеді, себебі біліктілік тестінен тиісті балды жинай алмауы. 2023 жылдың қыркүйек айында тесттен өткен және еңбек өтілдері 30 жылдан жоғары педагог қызметкерлер аттестаттаудан өтіп, санаттары берілді.

2023 жылдың күзінде оқу жылында педагогтерді аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне байланысты қолында бар санатының мерзімі 2023 жылдың II жартыжылдығында аяқталатын педагогтерге форс-мажорлық жағдайды ескере отырып, қағидада көзделген нормаларға сәйкес педагогтердің қолында бар санаттарын 2024 жылдың қыркүйек айына дейін сақталды.

2024 жылдың жазында жаңа ережемен аттестаттау басталды. 12 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына-9, «педагог-сарапшы» санатына-0, «педагог-зерттеуші» санатына-3 (оның 2 алуға, 1 растауға) педагог. 2024 жылғы жазғы аттестаттаудан өткен 2 педагог «педагог-зерттеуші» санатын, 6 педагог «педагог-модератор» санатын алды. Қазіргі таңда 1 педагог тестілеуден өтіп, «педагог-зерттеуші» санатын растауға портфолиосын бағалауға өтініш берді, 1 педагог білімін бағалау тестінен қайта өтті, «педагог-модератор» санатына өтініш береді.

Алайда, әлеуметтік педагог Л.Ж.Егешова мен дене шынықтыру мұғалімі Г.Т.Тұрарова еңбек өтіліне орай санаттан өтуі керек, дегенмен педагог білім бағалаудан тестіден өтпей қалды.

Әлеуметтік педагог Л.Ж.Егешова 2009-2017 жылдары педагог-психолог болып мамандығы бойынша жұмыс жасаған. 2015 жылы «екінші санат» алған, 2017 жылдың қараша айында өз арызымен «Әлеуметтік педагог» қызметіне ауысқан. 2019 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығына сырттай бөліміне түсіп, 2021 жылы бітірді, 2021-2022 жылы декретте болды. 2023-2024 күзінде аттесттау болмауына біланысты қатыспады. 2024 жазғы педагог білімін бағалаудан балл жинай алмады.

Дене шынықтыру мұғалімі Г.Т.Тұрарова -2016 жылдан бастап жұмыс жасайды, 2019-2021 жылдары Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын сырттай оқып бітірді.

2020-2021 жылы және 2023 жылдың наурызы мен 2023 жылдың қазан аралығында декреттік демалыста болды. 2024 жазғы педагог білімін бағалаудан балл жинай алмады.

Музыка пәні мұғалімі М.Ж.Кожаква 2023 жылдың қазан айынан бастап педагогикалық мамандыққа қайта келген педагог.

Тәлімгер П.А.Олжабаева 2022 жылдан бастап бала күтіміне байланысты декреттік демалыста отыр.

Педагогтердің 3 жылдық сапалық құрамы

Оқу жылы	Педагогтердің саны	Білім жоғары	Арнаулы орта	Магистр	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Сапа
2022-2023	28	27	1	1	8	8	5	7	57,14%
2023-2024	28	27	1	1	8	8	5	8	57,14%
2024-2025	28	27	1	1	10	6	8	5	57,14%

Сабак беретін пән мұғалімдері:

2022-2023 оқу жылы бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

Бастауыш сыныптар бойынша: 5 мұғалім, оның ішінде Педагог-зерттеуші – 2

Педагог-сарапшы – 1 Сапа – 100 %

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

20 мұғалім, оның ішінде

Педагог зерттеуші – 4

Педагог-сарапшы – 6

Сапа – 50 %

2023-2024 оқу жылы бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

Бастауыш сыныптар бойынша: 5 мұғалім, оның ішінде:

Педагог-зерттеуші – 4

Педагог-сарапшы-I Сапа – 100 %

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

21 мұғалім, оның ішінде

Педагог-зерттеуші – 4

Педагог-сарапшы – 6

Сапа – 47,6 %

2024-2025 оқу жылы бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

Бастауыш сыныптар бойынша: 5 мұғалім, оның ішінде: Педагог-зерттеуші – 4

Педагог-сарапшы – 1

Сапа – 100 %

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

21 мұғалім, оның ішінде:

Педагог-зерттеуші – 6

Педагог-сарапшы – 4

Сапа – 47,6%

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және / немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және / немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани- адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп жатқан стандартты деңгейдегі сағаттар, сонымен қатар вариативтік сағаттары оқытылуы бойынша оқушылар көптеген жетістіктерге жетті. **2022-2023 о.ж.** Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған «Адамдық диканшысы» атты фестивальдің «Ахмет оқулары» мәнерлеп жатқа айту байқауының аудандық кезеңінде Мынбай Б. II орын, жетекшісі Кадырова Н.С, 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Ақберен» байқауының аудандық кезеңінде Әмірбай Ж II орын, жетекшісі Лияшов Қ.Қ, Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде Батырқожа А. III орын, жетекшісі Жоламанова Ф.Е.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1-7 класс оқушылары арасында Республикалық «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу байқауының аудандық кезеңі бойынша Орынбасарова Н. III орын, жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Молданиязова А.Ж.

«Менің шағын Отаным» атты V республикалық интеллектуалдық конкурсы «Кішкентай Отанымның символы» номинациясы бойынша аудандық кезеңінде Жылқыбаева М. I орын, облыстық кезеңінде III орын жетекшісі Мырзағалиева Б.С, «Менің шағын Отаным» атты V республикалық интеллектуалдық конкурсы «Менің туған өлкем» номинациясы бойынша аудандық кезеңінде I орын Мұратова Е, облыстық кезеңінде III орын жетекшісі Мырзағалиева Б.С, «Менің шағын Отаным» атты V республикалық интеллектуалдық конкурсы «Менің туған өлкем» номинациясы бойынша аудандық кезең II орын Мұқанова М, жетекшісі Батырхан К.Н, «Тарихи шежірем. Менің тегімнің тарихы» байқауының аудандық кезеңі II орын Орынбасарова С, жетекшісі Мырзағалиева Б.С.

2022-2023 оқу жылында математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңі /3-4 кластар бойынша /

р/с	Оқушының аты - жөні	Орын	Жетекшісі
-----	---------------------	------	-----------

1	Ізімқұл Мейірхан	II	Туманбаева Г
2	Қайырзаман Адина	II	Туманбаева Г
3	Әнуарбеков Ерхан	III орын	Туманбаева Г
4	Забихолла Дильназ	Алғыс хат	Адаева Ж

2022-2023 оқу жылында математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңі /3-4 кластар бойынша /

р/с	Оқушының аты - жөні	Орын	Жетекшісі
1	Ізімқұл Мейірхан	Сертификат	Туманбаева Г
2	Қайырзаман Адина	Сертификат	Туманбаева Г

2022-2023 оқу жылында математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңі /5-6 кластар бойынша/

р/с	Оқушының аты - жөні	Орын	Жетекшісі:
1	Аманжол Мерей	I	Еркін Н
2	Мынбай Бағлан	I	Аблаева Л

2022-2023 оқу жылында математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңі /5-6 кластар бойынша/

р/с	Оқушының аты - жөні	Орын	Жетекшісі:
1	Аманжол Мерей	II	Еркін Н

2022-2023 оқу жылында «Қыран елім Қазақстан» эссе байқауында аудандық кезеңде III орын иегері Жаксылықов А III орын, жетекшісі Кадырова Н.С.

2022-2023 оқу жылында 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық кешенді олимпиаданың аудандық кезеңінде II орын иеленген Қырымқұл Н, жетекшісі математика пәні мұғалімі Аблаева Л.А. 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық кешенді олимпиаданың аудандық кезеңінде III орын иеленген Жакешова К III орын, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кадырова Н.С.

3-4 сынып оқушылары арасында «Математика-гажайып әлем» олимпиадасының аудандық кезеңінде III орын Беркін А, жетекшісі Даулетова А.М.

9-11 сынып оқушылары арасында өткен «Ойлы сөз, орамды тіл» атты мәнерлеп оқу байқауы аудандық кезеңі Жакешов А Алғыс хатпен марапатталды, жетекшісі Кадырова Н.С.

9-класс оқушыларына арналған аудандық Мариямқұл Байрахметова атындағы бірінші математикалық олимпиадада III орын иегері Мұратова Е, жетекшісі Аблаева Л.А.

«Айканат» ауыл мектептері окитын балаларға арналаған республикалық олимпиада облысқа жолдама берілді Жұманбек С, Қоныс М, сынып жетекшісі Еркін Н.Н.

Сонымен қатар **2022-2023 о.ж. жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми байқаудың аудандық кезеңінде 8 класс оқушысы Темірәлі ЖIII орын алды, секциясы биология жетекшісі Бердигалиева Г.О.**

2022-2023 о.ж. жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі /9-11 кластар бойынша /

2022-2023 о.ж. Жылқыбаева М география пәні бойынша III орын, жетекшісі Мырзағалиева Б.С.

8-11 класс оқушылары арасында республикалық «Акберен» байқауының аудандық кезеңі Әмірбай Ж II орын, Мұратова Е III орын жетекшісі Лияшов Қ.Қ.

Республикалық Мағжан оқулары байқауы аудандық кезеңі Жылқыбаева М II орын, жетекшісі Лияшов Қ.Қ, Республикалық Мағжан оқулары байқауы аудандық кезеңі Орал А III орын, жетекшісі Молданиязова А.Ж.

2022-2023 о.ж. Республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасы бойынша аудандық кезең Бораш Ү II орын жетекшісі Илясова М.К, Мұқанова М III орын жетекшісі Молданиязова А.Ж.

Республикалық Мұқағали оқуларының аудандық кезеңі Әмірбай Ж II орын жетекшісі Лияшов Қ.Қ.

8 класс оқушыларына арналған «Кеменгер» олимпиадасының аудандық кезеңі бойынша II орын

Ұзақова И, облыстық кезең нәтижесі ІІІ орын жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ильясова М.

V ашық «Жерлестер жаңғырығы» атты поэзия байқауының облыстық кезеңі бойынша Орынбасарова С ІІІ орын дипломмен марапатталды, жетекшісі Кадырова Н.С.
«Сүйікті ұстаыма арнауым» атты облыстық жас ақындар байқауында ІІ орын Әмірбай Ж, жетекшісі Лияшов Қ.Қ.

2023 – 2024 о.ж. облыстық «Тіл тірегі елімнің» атты ақындар мүшәйрасының аудандық кезеңі І орын, облыстық кезеңі ІІІ орын жеңімпазы Жылқыбаева М жетекшісі Лияшов Қ.Қ.

Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай «Махамбет мұрасы-егемен елдің өшпес мұрасы» байқауында аудандық кезеңі эссе жазу бағыты бойынша Қайырзаман Ә -2 орын, жетекшісі Ильясова М, Көркем сөз оқу бағыты бойынша Орал А 3 орын, жетекшісі Молданиязова А, Иллюстрациялық сурет салу бағыты бойынша Бораш Ұлдана 3-орын, жетекшісі Ильясова М; Шығармашылық номинациясы бойынша Жылқыбаева М аудандық І орын, облыстық кезеңі бойынша 3 орын , жетекшісі Лияшов Қ.Қ.

«Тәуелсіз елім-кең байтақ жерім» эссе байқауының облыстық кезеңі бойынша Бүркіт Е сертификат иегері, жетекшісі Кадырова Н және Мұратова Е сертификат иегері жетекшісі Лияшов Қ.

2023-2024 о.ж. 2-7 класс оқушылары арасындағы республикалық «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары байқауының аудандық кезеңі бойынша физика секциясы бойынша «Магнит және оның құпиялары» тақырыбында Жакешова К мақтау қағазын иеленді, жетекшісі Қосаева Ә.

ІІ сынып оқушыларына арналған «Алтын түлек» олимпиадасының аудандық кезеңі бойынша ІІ сынып оқушысы Жұманбек Аян жеңімпазы, жетекшісі Еркін Н;

Қазақстанның ауыл мектептерінің арасындағы 8-сынып оқушыларына арналған «Айқанат» олимпиадасының мектепшілік кезеңінен 8 оқушы да өтіп, аудандық кезеңге жолдама алды, облыстық кезеңге Батырқожа А өтті, сынып жетекшісі Кадырова Н.С;

2023-2024 оқу жылында математика пәнінен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша:

3-8 кластар бойынша

№	Қатысушының фамилиясы, аты	Сыныбы	Оқыту тілі	Иеленген орны	Жетекшісі
1	Қайырбай Нұржауған	3	қазақша	I	Адаева Ж
2	Қайырзаман Шапағат	3	қазақша	I	Адаева Ж
3	Қайырзаман Сабина	3	қазақша	I	Адаева Ж
4	Жакешова Каусар	7	қазақша	I	Еркін Н
5	Нығымет Нұрсезім	7	қазақша	I	Еркін Н
6	Батырқожа Айша	8	қазақша	I	Еркін Н
7	Қайырзаман Шұғыла	8	қазақша	I	Еркін Н

5-6 сынып оқушылары арасында математика, жаратылыстану, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы пәндері бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша:

№	Қатысушының фамилиясы, аты	Сыныбы	Оқыту тілі	Орын	Пәні	Жетекшісі:
1	Қайырзаман Адина	5	Қазақ тілі	ІІ	Қазақстан тарихы	Мырзағалиева Б
2	Аманжол Мерей	6	Қазақ тілі	ІІ	Қазақ тілі мен әдебиеті	Лияшов Қ

«Балалар әлемі» жобасы аясында балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыру, отандық және шетелдік әдебиетті, жазушылардың шығармаларын зерделеуге шақыру және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңі 9-сынып ІІ орын Бораш Ұ, 8-сынып Батырқожа А, 9-сынып Қоныс М,-алғыс хат Ұзақова И 3 орын марапатталды. Жетекшісі Жоламанова Ф.

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы бойынша:

№	Қатысушының фамилиясы, аты	Сыныбы	Оқыту тілі	Орын	Жетекшісі:
1	Әмірбай Әдемі	2	Қазақ тілі	II	Ақылбекова Г
2	Аманжол Марина	2	қазақ тілі	II	Ақылбекова Г

«Абай әлемі» шығармашылық байқауы қашықтан /сырттай/ аудандық кезең «Жүрегімнің түбіне терең бойла...» атты эссе жазу бағыты III орын II-сынып оқушысы Мұқанова Меруерт жетекшісі: Кадырова Н.С.

«Бала дарын» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту орталығында ұйымдастырылған Мағжан Жұмабайұлының өлеңдерін мәнерлеп оқудан «Мен жастарға сенемін» атты республикалық байқау II орын 8-сынып оқушысы Қайырзаман Шұғыла жетекшісі: Кадырова Н.С. Алғыс хат

«Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық «Қыс гажайыптары» атты сурет байқауы мектепалды даярлық тобы Нұрлан Нұрсәт II орын, Аманжол Мадина II орын жетекшісі: Қалауова А.С, құрмет грамотасы

1-сынып оқушысы Бағдәулет Айбibi II орын, жетекшісі Туманбаева Г құрмет грамотасы, 2-сынып оқушысы Аманжол Марина II орын, Теміралы Альмира, жетекшісі: Ақылбекова Г құрмет грамотасы, 3-сынып оқушысы Қайырзаман Сабина, Рафаэль Маржан, жетекшісі: Адаева Ж құрмет грамотасымен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша:

№	Оқушының аты – жөні	Класс	Пәні	Орны	Жетекшісі
1	Ұзакова Инабат	9	Қазақ тілі мен әдебиеті	III	Илясова М
2	Қоныс Мерей	9	Құқық негіздері	II	Қойбағарова Л
3	Жакешов Асылхан	10	Қазақстан тарихы	Мақтау қағазы	Мырзағалиева Б
4	Нығмет Жансезім	10	Құқық негіздері	III	Қойбағарова Л
5	Мұқанова Меруерт	11	Қазақстан тарихы	I	Батырхан К

2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі бойынша:

№	Оқушының аты – жөні	Класс	Пәні	Орны	Жетекшісі
1	Ұзакова Инабат	9	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сертификат	Илясова М
2	Мұқанова Меруерт	11	Қазақстан тарихы	Сертификат	Батырхан К

2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық 9-11 сынып оқушыларына арналған олимпиада бойынша:

№	Оқушының аты – жөні	Класс	Пәні	Орны	Жетекшісі
1	Жаксылыков Айдос	9	Физика	II	Қосаева Ә
2	Қоныс Мерей	9	Құқық негіздері	II	Қойбағарова Л
3	Ұзакова Инабат	9	Қазақ тілі мен әдебиеті	III	Илясова М
4	Жылқыбаева Мерейлім	10	Ағылшын тілі	III	Орын Ә
5	Нығмет Жансезім	10	Құқық негіздері	III	Қойбағарова Л
6	Мұқанова Меруерт	11	Қазақстан тарихы	III	Батырхан К

Аудандық патриоттық әндер байқауы I орын 9-сынып оқушысы Теміралы Ж, жетекшісі Қойбағарова Л.

«Достық» кешенді пәндік олимпиадасы 5-6 сынып оқушылары арасында аудандық кезең қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, математика пәндері бойынша III орын 5-сынып оқушысы Қайырзаман Адина қазақстан тарихы пәні, жетекшісі Мырзағалиева Б, 6-сынып оқушысы III орын Аманжол Мерей қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша, жетекшісі Лияшов Қ, 7-11 сынып оқушылары арасында республикалық «М.Мақатаев оқуларының» аудандық кезеңі «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» бағыты бойынша II орын Жылқыбаева М, жетекшісі: Лияшов Қ, «Айтып өткен ақында арман бар ма?» бағыты бойынша 7-сынып оқушысы Орал Алмас III орын жетекшісі Кадырова Н

«Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасы 9-сынып оқушысы Бораш Ұдана

«Бейнелеушілер» бағыты бойынша III орын жетекшісі: Нұрсұлтанова Ж

Республикалық Әбіш оқуларының аудандық кезені бойынша Бораш Ұлдана «Ә.Кекілбаев шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу» бағыты бойынша II орын жетекшісі Нұрсұлтанова Ж

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезені қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану бағыты бойынша:

№	Қатысушының фамилиясы, аты	Сыныбы	Оқыту тілі	Орын	Пәні	Жетекшісі:
1	Салкен Әсем	7	Қазақ тілі	II	Ағылшын тілі	Орын Ә
2	Оңдасынова Айнара	7	Қазақ тілі	II	Физика	Қосаева Ә
3	Батырқожа Айша	8	Қазақ тілі	III	Қазақстан тарихы	Батырхан К

Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары арасында «Шежірелі өлкемнің тарландары» тақырыбындағы аудандық зерттеу шығармалары және мақала байқауы 7-сынып оқушысы Салкен Ә III орын жетекшісі Мырзағалиева Б, 8-сынып оқушысы Қайырзаман Шұғыла III орын жетекшісі Кадырова Н Республикалық Мағжан оқуларының аудандық кезені Жылқыбаева Мерейлім 2-орын, облыстық кезең мақтау қағазы, Қырымқұлов Нұрасыл I орын, облыстық кезең мақтау қағазы жетекшісі Лияшов Қ.

«Туган ауылым-мактанышым» атты облыстық эссе байқауы 7-сынып оқушысы Жакешова К, 8-сынып оқушысы Бүркіт Е сертификат иегері, жетекшісі Кадырова Н.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық «М.Мақатаев оқуларының» аудандық кезеңіне қатысып, «Айтып өткен ақында арман бар ма?» бағыты бойынша 7-сынып оқушысы Орал Алмас III орын, жетекшісі Кадырова Н, «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» бағыты бойынша II орын Жылқыбаева М II орын, облыстық кезең 3 орын, жетекшісі Лияшов Қ.

«Смарт оқушы» республикалық олимпиадасы бойынша:

№	Қатысушының фамилиясы, аты	Сыныбы	Оқыту тілі	Орын	Жетекшісі:
1	Нұрлан Демеу	1	Қазақ тілі	I	Туманбаева Г
2	Қайырзаман Қаракат	1	Қазақ тілі	I	Туманбаева Г
3	Орынбасаров Даулет	1	Қазақ тілі	I	Туманбаева Г
4	Беркін Бекет	1	Қазақ тілі	II	Туманбаева Г
5	Есдәулет Зерде	2	Қазақ тілі	I	Ақылбекова Г
6	Қоныс Әлихан	2	Қазақ тілі	I	Ақылбекова Г
7	Нұрдәулет Әлихан	2	Қазақ тілі	I	Ақылбекова Г
8	Аманжол Марина	2	Қазақ тілі	I	Ақылекова Г
9	Жылқышыбай Жібек	2	Қазақ тілі	I	Ақылбекова Г
10	Қайырзаман Сабина	3	Қазақ тілі	I	Адаева Ж
11	Қырымқұлова Інжу	3	Қазақ тілі	I	Адаева Ж
12	Аленова Сезім	4	Қазақ тілі	I	Бердигалиева А
13	Беркін Ақбота	4	Қазақ тілі	I	Бердигалиева А
14	Әжібай Әл-Мансур	4	Қазақ тілі	I	Бердигалиева А

8-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Абай оқуларының» аудандық кезені 3-орын 10-сынып оқушысы Мұратова Е «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша мәнерлеп оқу бағыты бойынша жетекшісі Кадырова Н.С.

Республикалық Ілияс оқуларының аудандық кезені «Жаз!Жаз!Қалам, жорғалап» жас ақындар мұшайрасы II орын Жылқыбаева М, жетекшісі: Лияшов Қ.Қ.

2024-2025 оқу жылында қыркүйек айында 8-11 класс оқушылары арасында Республикалық «Махамбет оқулары» байқауының аудандық кезені бойынша I-орын Орал Алмас, облыстық кезең 2-орын, аудандық кезең 2-орын Мышбай Бағлан жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Лияшов Қ.Қ.

Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арналған «Әнші балапан-2024» облыстық балалар шығармашылық байқауының аудандық кезеңі Алғыс хат иегері 4-сынып оқушысы Қырымқұлова Інжу, жетекшісі музыка пәні мұғалімі Қожақова М.Ж.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары байқауына қатысу көрсеткіштері:

Оқу жылы	Қатысқан жоба саны	Жүлделі орындар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III
2022-23	5	1 Диплом			I						
2023-24	3	1 алғыс хат			Алғыс хат						
2024-25											

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларының республикалық олимпиадасына қатысу көрсеткіштері:

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Жүлделі орындар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III
2022-23	5	2		1	1						1
2023-24	5	2		2							
2024-25											

2022-2023 оқу жылы бойынша «Білікті ұстаз-болашақ кепілі» атты педагогикалық олимпиада II орын, облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы «Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы игілікті іс-шараларға белсене араласқаны үшін Алғыс хатпен Лияшов Қ.Қ. марапатталды.

Облыстық Темір ауданының қайта құрылғанына 50 жыл толуына орай «Темір ауданы: тарих пен мәдениет және өнер ордасы» тақырыбындағы конференцияға қатысқаны үшін сертификатпен Батырхан К. Лияшов Қ марапатталды.

2023-2024 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Еңбек ардагері» медалімен Даулетова А.М. марапатталды.

Құрмет грамотасымен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кадырова Н.С. Ақтөбе облыстық кәсіподақ төрағасы Р.Серіковадан иеленді.

Жоғары біліктілігі мен кәсіби шеберлігі, табысты еңбегі үшін даярлық тобының мұғалімі Қалауова А, Кітапханашы Жоламанова Ф аудандық білім бөлімінің басшысы А.Өсербаев пен төраға Сабеновадан марапатталды.

География пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада Мырзағалиева Б алғыс хат иегері. Ағылшын пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада Молданиязова А сертификат иегері. Физика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада Консенекова Т сертификат иегері. Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада II орын Ақылбекова Г марапатталды. Биология пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада Бердигалиева А сертификат иегері.

2023-2024 о.ж. Республикалық «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математика пәні бойынша олимпиада Адаева Ж II орын иеленді.

Қазақстан Республикасы күні қарсаңында III Республикалық мұғалімдер спартакиадасының облыстық кезеңінде ерлер арасында ұйымдастырылған «Волейбол» жарысында жүлделі II орынмен Жақсылық Берік марапатталды.

2023-2024 о.ж. Досанова Г аудандық «Үздік психологиялық бағдарлама» 2-орын иеленді. Егешова Л Аудандық «Үздік әлеуметтік педагог-2023» байқауына қатысқаны үшін Алғыс хат.

2023-2024 о.ж. Орын Ә ағылшын пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада сертификат сертификат, Педстарт II орын Ақылбекова Г Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада II орын, Молданиязова А, Орын Ә ағылшын пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада сертификат иегері.

Кадырова Нургуль Педстарт I орын, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада I орын, Илясова М қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада II орын, Педстарт II орын, Бердигалиева А бастауыш

сынып мұғалімдері үшін Педстарт I орын, Лияшов К қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасындағы олимпиада Педстарт II орын иеленді.

Косасва Ә физика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық олимпиада сертификат, Конспекова Т физика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық олимпиада II орын, информатика сертификат иегері.

Психологтар мен әлеуметтік педагогтері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада I орын Досанова Г, Аблаева Л III орын математика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиада III орын

Темір ауданы біріншілігінде жүлделі I орын иеленген шаңғы тебуден Тұрарова Гүлнұр, Таймағанбетова Айнұр иеленді.

2023-2024 о.ж. Кадырова Нургуль Серғалиевна «Үздік ашық сабақ» III орын иеленді. Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму Институты «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда педагогтің кәсіби дайындығы» республикалық конференция материалы енді.

Досанова Гүлшара Ақтөбе облысы әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес «Шаңырақ шаптығы» тақырыбында Темір ауданы педагог-психологтарының тәжірибе тарату мақсатындағы семинар-практикумға қатысып сертификатпен марапатталды. Досанова Г-Қазақстан Республикасы практик-психологтарының құрметіне арналған «Мәртебелі психолог» фестиваліне қатысып, іс-тәжірибесімен бөліскені үшін сертификат, Алғыс хатпен марапатталды.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбындағы семинарда іс-әрекеттегі тәжірибе арқылы зерттеу үдерісінің ұстанымдары мен ерекшеліктерін меңгертіп, кәсіби шеберліктерін арттыруға қосқан зор үлесі үшін құрмет грамотасымен Лияшов Қ.Қ. марапатталды.

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 9 наурызда №13420 болып тіркелді.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұран әрі-Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 31-1 тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтер үшін кәсіп орындар (ұйымдар) базасында бір немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2022- 2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп, уақытында біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Ерекше білім беру бойынша	Басқа курстар
2022-2023	28	6	8	5
2023-2024	28	23	0	13
2024-2025	28	1	0	1

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагогтер жоқ.

Мұғалімдердің курстан өтуі туралы мәлімет №7 қосымшада көрсетілген. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі	Директордың тәрбие ісі

		жөніндегі орынбасарлары	жөніндегі орынбасарлары
2022-2023 о.ж	«Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» (430 сағат) «Білім беруді жаңғырту жағдайындағы көшбасшылық және менеджмент» 14.06-24.06.2021ж (80 сағ)	«Білім алушылардың функционалды сапаттылығын қалыптастыру үшін оқытудың инновациялық технологиялары мен интерактивті әдістері» 02.03.2023ж (8сағ.)	
2023-2024 о.ж	«Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» (18.09-29.09.2023ж)	«Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» (18.09-29.09.2023ж) «Білім берудегі менеджмент» 09.10-20.10.2023ж (80сағ)	«Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» (18.09-29.09.2023ж) (80 сағ.)
2024-2025 о.ж	«Орта білім ұйымдарында кәсілетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» 16-20.09.2024ж (36 сағ) .		«Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» 01.04-05.04.2024ж (40 ағат)

3. Білім алушылар контингенті. Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

2022-2023 оқу жылында оқу жылы басында 133 оқушымен бастады. Оқу жылы ортасында 2 оқушы басқа мектептен келді. Оқу жылы соңында 135 оқушы болды. 1-4 сыныптарда-61 оқушы, 5-9 сыныптарда 57 оқушы, 10-сыныптарда 17 оқушы.

2023-2024 оқу жылында 139 оқушының ішінде 1-4 сыныптарда 60 білім алушы, 5-9 сыныптарда 59 білім алушы, 10-11 сыныптарда 20 білім алушы болды.

2024-2025 оқу жылында 137 білім алушы, оның ішінде 1-4 сыныптарда 59, 5-9 сыныптарда 59, 10-11 сыныптарда 19 білім алушы бар.

№	Контингенттің құрылымы	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
1	«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ	11	135	11	139	11	137

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ-не жылма жыл білім алушылардың келуі бойынша тұрақты. Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611 өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ-не қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген. Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ, мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар 2022-2023 оқу жылында 1 білім алушы, 2023-2024 оқу жылында 1 оқушы ерекше білім беру қажеттігі бар оқушы тіркелді. ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алды.

Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалды.

Денсаулығына байланысты 2023-2024 оқу жылында 1 оқушы «Ақтөбе облысы білім басқармасы» ММ-нің 2024 жылғы 27 мамырдағы №286 бұйрығы негізінде 9 класс оқушысы Табынбай А қорытынды емтиханнан босатылды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70-тармағына сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны, сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы «Теректі мектеп-балабақшасы» КММ-де 2022-2023 оқу жылында мектепте 1-11 кластар бойынша 11 класс жиынтығында 135 білім алушы оқыған. Яғни, әр класта толымдылығы бойынша 12 баладан келген. 2023-2024 оқу жылында 1-11 кластарда 11 класс жиынтығында 139 білім алушы оқыған, ал толымдылығы бойынша 12 баладан келген. 2024-2025 оқу жылында 11 класс-комплектіде 137 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 12 білім алушыдан келеді, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған. Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ бойынша 2022-2024 оқу жылдарындағы контингент

қозғалысы

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны	
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	Жылдың басы	Жылдың соңы
2022-2023	2		1		1				133	135
2023-2024	14	10							139	139
2024-2025	16	18							137	137

2022-2023 оқу жылы ішінде 2 оқушы келді, 135 білім алушымен аяқтадық, 8 оқушы мектеп бітірді, 2 оқушы басқа мектепке ауысты, 1 сыныпқа 14 оқушы келді, 2023-2024 оқу жылын 139 білім алушымен бастадық.

2024 жылы жаз бойы 9 бала мектеп бітірді, 9 сыныптан 3 бала колледжге түсті, 2 оқушы аудан мектебіне, 4 оқушы облыс мектебіне ауысты, 1 сыныпқа 15 оқушы келді, 2024 -2025 оқу жылын 137 білім алушымен бастадық.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталған.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: -білім беру ұйымының басшы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2022-2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында-135 оқушы, ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 8-қосымша төмендетілген оқу жүктемесімен 1-4 сыныптар үшін; 13-қосымша төмендетілген оқу жүктемесін 5-9 сыныптар үшін және төмендетілген оқу жүктемесімен 18,19-қосымша 10-11 сыныптар үшін оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары әзірленді. 2022-2023 жылы «Білім Ал» жобасына қатысып, облыс мұғалімдерінің онлайн сабақ кестесіне сәйкестендіріліп құрылды.

Сабақ кестесі: 2022-2023 оқу жылында «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-

эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ- 76 бұйрығы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kundelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ ұзақтығы-45 минут. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1-11 сыныптарда 5 күндік оқыту ұйымдастырылған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық- техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Оқу жұмыс жоспарының негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындау және жүзеге асыру.

2023-2024 оқу жылында контингент 1-11 класта 11 класс жиынтығында 139 білім алушы оқыды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығы 6- қосымшасы -1-4 кластар үшін, ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы 13-қосымшасы - 5-9 кластар үшін) ,10-11 кластар үшін ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы № 264 бұйрығы 11-12 қосымшасы енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары әзірленді.

Сабақ кестесі: 2023-2024 оқу жылында «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ- 76 бұйрығы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «Bilimclass» пайдалану арқылы жасалды. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілді. Сабақ ұзақтығы-45 минут. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1-11 сыныптарда 5 күндік оқыту ұйымдастырылды. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілді. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық- техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген.

2023-2024 жылы «Цифрлық технологиялар арқылы шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін көтеру» жобасы басталып, «Тірек және магнитті мектеп» жобасы бойынша жаратылыстану-математика және ағылшын тілінен онлайн сабақ беретін тірек мектебінің сабақ кестесімен байланысты құрылды.Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «Bilimclass» журналында толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар «Bilimclass»-та толтырылды.

Талдау нәтижесі: Мектеп бес күндік жұмыс аптасында бір ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

2024-2025 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «Bilimclass»-та толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық 1 тоқсан сағаттары «Bilimclass»-та толтырылған.

Талдау нәтижесі: Мектеп бес күндік жұмыс аптасында бір ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-3-4 қосымшалары Жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу Тұжырымдамасы. Қыркүйектің бірінші күні білім беру ұйымдарында білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді.

Мектеп-балабақшада 2022 жылғы 1 қыркүйекте «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың ролін талқылауға басты назар аударылды. Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар, еңбексүйгіштік, білімге деген ұмтылыс және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылатын құрметті тұлғалар туралы мәліметтер берілді. Мектеп-балабақша қауымдастығында бір-біріне құрметпен қарау маңызды рол атқарды.

1-12 қыркүйек аралығында «Абайлаңыз балалар!» акциясының арнайы жоспары құрылды. Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік апаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жас өспірімдердің әртүрлі оқиғаларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды. Осыған орай «Абайлаңыз балалар!» атты акциясы кестеге сай жоспар жасасталып, іс-шаралар өткізілді.

Іс-шараны өткізудегі мақсатымыз: оқушыларға жол ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыру, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру, оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа тәрбиелеу.

Жолда жүру ережесі акциясының мақсаты - оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, көшеде дұрыс жүруге, жол белгілерін жатқа білуге үйрету және жолда көлік апаттарынан сақтандыру мен оқушылар өмірінің қауіпсіздігін сақтау болып табылады. Сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Көшеде сак бол!» тақырыбында шағын орталықтар, МАД және 1-8 сыныптар арасында және қауіпсіздік сабақтары жүргізіліп, «Бала - біздің болашағымыз» тақырыбында 9-11-сынып оқушыларымен жиналыс және балалар мен жасөспірімдердің жолдар мен көшелерде жол қауіпсіздігін болдырмау мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып, балалардың қауіпсіздігі бойынша видеороликтер көрсетілді. Аға тәлімгердің ұйымдастыруымен «Ұлы сөзді тыңдаймыз, жол тәртібін сақтаймыз!» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына сынып сағаты өткізілді. «Жол тәртібін жадында ұста!» тақырыбында 6-сыныпта ашық тәрбие сағаты, 7-сынып жетекшісі Н.Кадырованың ұйымдастыруымен «Жол ережесін білесің бе?», 5-сынып жетекшісі Ж.Нурсултанованың ұйымдастыруымен «Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік!» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектеп-балабақша кітапханашы Ф.Жоламанның ұйымдастыруымен «Жазда оқыған бір кітабым» тақырыбында 5-7 класс оқушыларымен таныстырылым өткізілді. Іс-шара мақсаты: оқырман қызығушылығын қалыптастыру, кітапты сүйетін және онымен жұмыс жасайтын ойлы оқырман тәрбиелеу. «Жазғы оқулар» бағдарламасына 20-дан астам пайдаланушы қатысты.

Кітапханаға жаңадан 10 оқырман жазылды.

«Оқылған кітаптар беттерімен» суреттер көрмесі бастауыш және орта сынып балаларына жағымды көңіл күй сыйлады. Мерекеде балалар сұрақтарға жауап берді, ойнады, биледі, өлең айтты, Дымбілмес жайындағы сахналық көрініс тамашалап, оқымысты Мысықпен кездесті. Ең белсенді қатысып отырған оқырмандар марапатталды.

Мектеп-балабақша мұғалімдері конференция жұмысын ұйымдастырса, тәрбие саласы мамандары мектеп оқушылармен әр түрлі деңгейде шаралар кездесулер, сайыстар, сурет көрмелері, кітап көрмелерін ұйымдастырды. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді.

Сынып жетекшілер бірлестігінің өзекті тақырыбы: «Тәрбие міндеттерін жүзеге асырауда класс жетекшілердің ұйымдастырушылық-педагогикалық, әдістемелік шеберліктері мен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру» .

Мақсаты: Класс жетекшілерге заманауи озық технологияларды, әдіс-тәсілдерді меңгерту үшін әдістемелік көмек көрсете отырып, өз кәсіби құзыреттіліктерін көтеруге, тәжірибелерін жинақтап таратуға жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылында 11 сынып жетекші жұмыс жасады

№	Аты-жөні	Сыныбы	Бала саны	Санаты
1	Акылбекова Галия Кузембаевна	1	16	Педагог-зерттеуші
2	Адаева жанаргул Шайхиевна	2	16	Педагог-зерттеуші
3	Даулетова Акшынар Мунайтпасовна	3	14	Педагог-зерттеуші
4	Туманбасва Гулмира Умиргалиевна	4	15	Педагог-сарапшы
5	Нурсултанова Жадыра Курметовна	5	12	Педагог-сарапшы
6	Тұрарова Гүлнұр Жұмажанқызы	6	13	Санатсыз
7	Кадырова Нургуль Сергалиевна	7	9	Педагог-сарапшы
8	Еркін Нұрсұлтан Нартайұлы	8	12	Санатсыз
9	Тұрым Айсұлтан Орынбайұлы	9	11	Педагог- модератор

10	Койбагарова Лаура Ануарбековна	10	9	Педагог- модератор
11	Молданиязова Айна Жолбатыровна	11	8	Педагог-зерттеуші

Сынып жетекшілер бірлестігінің алға қойған міндеттері:

1. Озық тәжірибені жинақтау, саралау, мониторинг жасау
 2. Ең үздік сынып жетекшілерін анықтау.
 3. Ең үздік сынып сағаттары, сыныптан тыс шараларды анықтау.
 4. БАҚ көздеріне, интернет желісіне жариялау.
 5. Класс ұжымымен, жекелеген оқушылармен, ата-аналармен жүргізілетін тәрбие жұмысын үйлестіру.
 1. **Оқушылардың жанұясына барып тұру.** Бұл-ата-аналармен жеке жұмыс істеудің неғұрлым кең тараған және тиімді түрі. Сынып жетекшісі өз оқушысының үйдегі өмірімен, тұрмыс жағдайымен танысып, тұрмыстық акті дайындайды.
 2. **Ата-аналармен хат алмасу, телефонмен байланыс жасау.** Сынып жетекшілері оқушылардың тәртібі, білім деңгейімен ата-аналарды хабарлар ету мақсатында жүргізеді.
 3. **Сыныптық, мектепшілік ата-аналар жиналысы.** Сыныптағы, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жайымен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып отыру үшін оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі.
- Сынып жетекшілері ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспарын бекітіп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізеді. Олар ата-аналар жиналысына, ашық тәрбие сағатына, мерекелік іс-шараларға ата-аналардың қатысуы, ата-аналармен сауалнама жүргізу, тренинг ұйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылады.

Ата -аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- 1) Ата -аналармен тұрақты байланыс орнату.
Мақсаты: отбасы мүшелерінің өзара қарым - қатынасын анықтап, кеңес беру, оларды бала тәрбиесіне ортақтастыру;
- 2) Отбасы мен мектептің балаға қойылатын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.
- 3) Ата -аналар ұжымын құру.
Бұл бағытта ата -аналар комитетін құру, оның жұмыс жоспарын жасау, оларды мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатыстыру, атқарылған істерге талдау жасап отыру.
- 4) Ата -аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.
Жылына екі рет қыркүйек, мамыр айында жалпы ата-аналар жиналысы жоспарға сай өтеді.
Тәрбие жұмысы жөнінде педагогикалық кеңестерде , директор жанындағы кеңестерде қаралған мәселелер:
1. «Жалпыға бірдей міндетті оқуды ұйымдастырудағы, мектепке барар жол акциясы»
2. «Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалыу барысы, мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз ету жайы
3. «Оқушылардың жазғы еңбек демалысын ұйымдастыру туралы»
4. «Үйірме , секция жылдық жоспарын тексеру, кестесін құру»
5. «Оқушылардың жанұяларымен жұмыс жүргізу, педагогикалық қолдауды ұйымдастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу»
6. «Ұлдар мен қыздар клубының жұмыс жоспарларының орындалуы»
7. Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы;

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде ауыл инспекторы Ж.Қ.Қоштанбеков , «Жас Сарбаз» жетекшісі Жақсылық Б.Ф біріккен жұмыстар, түнгі рейд жұмыстары жүргізіледі.

2020 жылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру және оларды әскери қызметке даярлау мақсатында «Жас сарбаз» патриоттық клубы құрылған. **Клуб мақсаты:** Сабақтан тыс уақытта оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі мен азаматтығы негізінде, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру.

Клуб жұмысының негізгі бағыттары.

- Еліміздің жауынгерлік дәстүрі, жауынгерлік борыш, әскери мамандықтар туралы әңгіме, баяндама, теориялық конференциялар ұйымдастыру ;
- мектепте жауынгерлік және еңбек даңқы залын, көрмесін, мұражайын ұйымдастыру;

- оқушыларды батырлар өмірі мен ерлігі үлгісінде тәрбиелеу ;
- соғыс және еңбек ардагерлерімен, жауынгерлермен кездесулер өткізу ;
- соғыс ардагерлеріне, мүгедектеріне тұрақты қамқорлық жасау ;
- әскери-патриоттық тақырыпта шығарма, әңгіме, сурет, ән байқауларын өткізу;
- әскери-спорттық ойындар , жарыстар өткізу;
- әскери техникалар мен қару-жарақтарды тереңдетіп оқып-үйрену арқылы оқушылардың ғылыми жұмысымен шұғылдану.

Аудандық және мектепшілік есепте тұрған ерекше назардағы оқушылардың көрсеткіші

Оқу жылы	Аудандық есепте	Мектепшілік есепте
2022-2023	0	0
2023-2024	0	0
2024-2025	0	0

Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің 26 желтоқсандағы 2014 жылғы №986 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия» жарлығына сәйкес, ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес құрылып, жоспары жасалынды.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу жұмыстарын жүргізу, келеңсіз жайттардың алдын алу, адам құқығын қорғау, психологиялық көмек көрсету. Жоспарға сай педагог кадрларымен, мектеп-балабақша ата-аналарымен түрлі іс-шаралар жүргізіледі.

Мектептегі «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубымен бірлескен іс-шаралар жүзеге асады. «Адалдық сағаты» өткізіледі. **Акцияның мақсаты:** қоғамға, әсіресе өскелең жастар арасында «парасаттылық принциптерін ілгерілету», «парасаттылық, әділдік, шынайлық» ұғымдарын трендке айналдыра отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Оқушылармен **парасаттылық, әділдік, шынайлық** туралы сөз қозғалды. Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің тұрақты дамуына қауіп және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек үкіметтің ғана емес, әркімнің міндеті болуы керек ...» деген болатын. Осы орайда акцияға оқушылар белсене қатыса отырып, өз пікірлерін білдірді. **«Парасатты, адал азамат дегенді қалай түсінесің?»** Бейнефильм көрсетілді.

1) Ата-аналар қоғамдастығы, қамқоршылық кеңесі

Мектепте ата-аналар комитеті, «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» ата-аналар мектептері жұмыс жасады. Ата-аналар мектебінің мүшелері мектептегі жүргізілетін іс-шараларға барынша араласады. Мектептің қамқоршылық кеңесі барлық мектеп тарапынан өтетін іс-шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

Мектепте ашық есік күндері, Әкелер күні, Аналар күні жоспарланып, дөңгелек үстел, спорттық сайыстар, шығармашылық сайыстар тұрғысынан ұйымдастырылды. Атап айтсақ, сәуір айында ата-аналарды мектептің тыныс-тіршілігімен таныстыру, мектепке тарту мақсатында «Отбасы – алтын діңгек» тақырыбында ата-аналар апталығы өткізілді. Жұмыстар бір аптаға жоспарланды. Дүйсенбі күні сынып жетекшісі Н.Н.Еркіннің және дене шынықтыру пәні мұғалімі А.О.Тұрымның ұйымдастыруымен «Спортқа құмар жанұя» атты отбасылық сайыс өткізілді. Сайысқа қатысушы ата-аналар көтеріңкі көңіл күймен тарады. Сейсенбі күні мектеп психологы Г.Н.Досанова мен әлеуметтік педагог Л.Ж.Егешованың ұйымдастыруымен «Тәрбиелі ұл – абыройлы әке» тақырыбында әкелермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында әкелер ұлдарына ақыл-кеңестер айтып, ұлағатты әңгімелерімен бөлісті. Сәрсенбі күні ДТЖО М.Қ.Илясова мен аға тәлімгер П.А.Олжабаеваның ұйымдастыруымен «Мектеп өмірі – ата-аналар көзімен» тақырыбында үштік одақ жұмысы ұйымдастырылды. Ата-аналар мектепке келіп, жауапкершілікті сезініп, мұғалім орнына сабақ беріп, ұстаздық қызметтің қыр-сырын оң бойларынан өткізді. Қорытынды бөлім «Шай-пати» кезеңінде ата-аналар сабақ беру барысында алған әсерлерімен бөлісті. Кейбір ата-аналар мұғалім болсам деген арманының бір күн болса да жүзеге асқандығына риза болды. Мұғалім болудың оңай емес екендігін тілге тиек етті. Тағы бір ерекшелік – 7-сынып оқушысы

Қайырзаман Шұғыланың әкесі мен анасының жұптасып келіп сабақ беруі. Бұл да болса атананың бала тәрбиесіне бей-жай қарамайтындығының дәлелі. Бұл іс-шараға қатысқан ата-аналар мектеп басшысының алғыс хатымен марапатталды. Бейсенбі күні «Сырласым» қыздар ұйымының жетекшісі Л.Аблаеваның және сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Л.А.Қойбағарованың ұйымдастыруымен «Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында аналармен кездесу өткізілді. Кездесуге келген аналар қыздарына ақыл айтып, қыздарымен бірлесе тренингке қатысып, жағдаяттардың шешімін тапты. Жұма күні мектеп кітапханашысы Ф.Е.Жоламанованың және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Ж.Молданиязованың ұйымдастыруымен «Кітаптар әлеміне саяхат» тақырыбында ата-аналармен бірлесіп, әдеби кітаптарды жарнамалады. Осы іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанының куәсі болдық. Алда өтетін де оқу, тәрбие саласындағы іс-шараларға белсенді түрде қатысып, ата-ананың мектеппен ынтымақтастығын арттыруымыз керек.

Рухани – адамгершілік тәрбиесін іске асыру бағытында жасалған жұмыстардың бірі ол діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары. Жылдық жоспар бойынша насихаттаушы – ақпараттық топ құрамы құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жылдық жоспар бойынша «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңымен ұжым таныстырылды. Діни секталарға үгіттеуді шектеу мақсатында ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Діни ұйымдарға баратын отбасыларды анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. **Нәтижесінде мектепте намаз оқитын, үнемі мешітке баратын, ата-анасы дін жолында жүрген оқушылар жоқ.** Мектеп оқушыларының киім кию ережесі туралы түсінік жұмыстары жүргізу, сақтау, қадағалау туралы жұмыстар жүргізілді. Бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектеп оқушыларын спорттық, мәдени үйірмелерге тарту жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Сонымен қатар 5-9 сынып оқушыларына діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Мектебімізде 9-сынып оқушыларына «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жүргізіледі. Курсты тарих пәні мұғалімі Батырхан К.Н жүргізді.

Мектеп-балабақша бойынша «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылды. 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. Жоспар бойынша білім алушылардың ата-аналарымен заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмелері, тренингтер, сыныптан тыс шаралар, «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонының» жұмысы жоспар бойынша уақытылы ұйымдастырылып отырды.

Білім алушы бойында рухани-адамгершілік тәрбиесін іске асыру мақсатында «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы құрылды. Жауапты болып денешынықтыру пәні мұғалімі Тұрарова Г.Ж бекітілді. Құрамына орта, жоғары буын оқушыларынан ерікті түрде қосыламын деген оқушылар тіркелді. Негізгі мақсат мектеп оқушыларын білім ордасымен қатар ауыл ішінде өткізілетін шараларға ерікті түрде қатыстыру, мектептің, ауылдың дамуына, гүлденуіне үлес қосу.

Теректі мектеп-балабақшасында 2022-2023 оқу жылы бойынша азаматтық – патриоттық тәрбиені іске асыру бойынша «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылып, жоспарланған жұмыстар жүргізілді. Ұланбасы тағайындалды және мүшелері сайланды. Ай сайын отырыстар ұйымдастырылды. Ұландар мен қырандардың күнделікті мектеп формалары, сабаққа кешікпей келуі тексеріліп тұрды. Сонымен қатар оқушылардың күнделіктері ай сайын тексерілді.

1 қыркүйек білім күніне байланысты «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты салтанатты жиын өтті. Жиында 1-сынып оқушыларымен белсенді ұландар және ауыл әкімі, ардагер ұстаздар қатысты. 1-сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығы берілді.

Азаматтық –патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі – «Жас сарбаз» клубы. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс жоспары 9- сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие.

Оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ.

Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орнынді білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылында көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ, «Сырласым» қыз балалар клубының жұмысы. «Сырласым» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі болып Аблаева Л бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынды. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелері таныстырылды. Жыл бойы жоспар бойынша барлық жұмыстар өткізіліп, жылдық отырыстар болып хаттамалары жазылды.

2022-2023 оқу жылында «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 2020 жылғы 11 наурыздағы № 2-1213 хаты негізінде «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылды. Клубқа 8-9 сынып оқушылары қабылданды. Жетекшісі болып Еркін Н.Н бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Жетекші мен оқушылар мектепішілік дебат клубымен қатар аудандық дебат клубының жұмыстарына белсене қатысуда. Оқушылардың аудандық дебат клубының жұмыстарына қатысу, сөз сөйлеу арқылы өздерінің білімдерін толықтыруда. Мектепішілік дебат клубы – оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы негізінде құрылып, жалымәдени, зияткерлік, зерттеушілік, коммуникативті, шешендік, азаматтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған балалардың шығармашылық бірлестігі. Дебат клубы білім беру ұйымы директорының бұйрығы негізінде құрылды. Дебат клуб қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырды. Дебат клубы әкімшілікпен, мектеп мұғалімдерімен, аймақтық дебаттық клубының жетекшілерімен өзара тығыз байланыс жасайды.

2022-2023 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмелері және тілдік үйірме ашылды. Оқушылар кестеде көрсетілген уақыт бойынша үйірмелерге қатысты.

«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ-де «Қазақша күрес», «Волейбол», «Баскетбол», «Сөз шебері», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат» үйірмелері жұмыс жасады.

«Қазақша күрес» үйірмесі: жетекшісі – Тұрым А.О. Қамтылған оқушы саны –17

«Волейбол» үйірмесі: жетекшісі – Тұрарова Г.Ж. Қамтылған оқушы саны –17

«Баскетбол» үйірмесі: жетекшісі – Таймағамбетова А.А. Қамтылған оқушы саны –10

«Тоғызқұмалақ» үйірмесі: жетекшісі – Таймағамбетова А.А. Қамтылған оқушы саны –14

«Сөз шебері» үйірмесі: жетекшісі – Кадырова Н.С. Қамтылған оқушы саны –17

«Шахмат» үйірмесі: жетекшісі – Тұрым А.О. Қамтылған оқушы саны –26

Үйірменің мақсаты мен міндеттері білім алушылардың спорттық бағыттағы дене жаттығуларымен тұрақты шұғылдануға және қазақтың сөз өнерінің қадірін түсінуге баулу. Салаутты өмір салтын белсенді насихаттау, темекі шегудің дамуына қарсы, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен балалардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу болып табылады.

Үйірмелердің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылған және мектеп директорының қолы қойылып, мөрімен бекітілген. Үйірме құрамындағы оқушылардың сабаққа қатысуын есепке алу және қол жеткізген нәтижелерін тіркеп отыру журналы бекітілген.

Еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстардың бірі ол мектепте әкелер қауымымен бірлесе жұмыс жасау еді. Осыған орай мектебімізде «Ұлағат» атты әкелер мектебі жұмыс жасады. Жылдық жоспары құрылып, жылына 3 рет отырысы

ұйымдастырылып отырылды. Әкелермен байланыса отырып түнгі кезекшілік, мектепшілік шаралардағы кезекшілік, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстар, салауатты өмір салтын насихаттау барысындағы жұмыстарда әкелермен байланыс болды. Теректі мектеп-балабақшасы бойынша мектепшілік «Ұлағат» әкелер тобының тәрбиелік ықпалын арттырудың мынадай арнайы шарттары бар.

№	Шарттары	Мазмұны	Түйіні
1	Әкенің отбасыға жақсы үлгі-өнеге көрсету мүмкіндігі жайында	Әкенің отбасыда шынайы беделінің болуын қамтамасыз ету	Әке мен ананың өзара сыйластық қарым-қатынасының орнауы жайында
2	Отбасыда әкенің беделін дұрыс пайдалана білу жайында	Отбасыда ер балаға сөзін тындата білуге және жақыны, сырласы, ақылшысы бола білуін қалыптастыру	Ер баланы әкенің жақсыға еліктете білуімен соңынан ерте білуі жайында
3	Отбасыдағы педагогикалық жағымдылықты орнату жайында	Отбасыға педагогикалық жағымдылықты қалыптастыру	Отбасыға педагогикалық жағымдылықты қалыптастыру жайында

Ер балалар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу және патриоттық тәрбие беруді насихаттауды қамтамасыз ету, отбасындағы әкелер міндетін айқын көрсету мен ер балалар құқығын қорғау, кәмелеттік жасқа жетпеген балалардың тәрбиесі мен тұрмыс жағдайын тексеру мақсатында арнайы түсінік жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығын басшылыққа алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарына сүйене отырып, тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілді. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалған.

Мақсаты : Жалпы адамзаттық ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: - Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;

- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар – ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік өсиеттерін жоғары ұстауға баулу, құқықтық мәдениет қалыптастыру;

- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығы мен эмоционалдық тұрақтылыққа баулу;

- Табиғатқа, табиғи мұраға, ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді пайдалануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.

2023-2024 оқу жылында мектептің тәрбие қызметінің кадрлық құрамына сипаттама.

№	Аты-жөні	Күні, айы, жылы	Лауазымы	Курс	Жалпы еңбек өтілі	Санаты
1	Илясова Мирамгул Кайрзамановна	01.05.1979	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	«Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамта-масыз ету»	23 жыл	Педагог-зерттеуші
2	Досанова Гулшара Назарбаевна	05.01.1977	Педагог-психолог	«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»	30 жыл	Педагог-сарапшы
3	Егешова Лязат Жумалиевна	02.01.1988	Әлеуметтік педагог	«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»	15 жыл	Санатсыз
4	Койбагарова Лаура Ануарбековна	08.08.1985	Тәлімгер	-	16 жыл	Педагог-модератор

Сынып жетекшілермен жұмыс.

2023-2024 оқу жылы бойынша мектебімізде барлығы 1-11 сыныптар арасында 11 сынып комплектісі бар. Барлығы 11 сынып жетекші қызмет атқарады. 2023-2024 оқу жылында 139 оқушы білім алды. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығын басшылыққа алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпы адамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрсетілген 3 құндылық бойынша жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген 3 құндылықтың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. Осыған байланысты сынып жетекшілер тәрбие жоспарын жасауда 3 құндылықты негізге ала отырып, туғаннан 6 жасқа дейін, 6 – 10 жас кезеңіндегі бала тәрбиесі, 11-15 жас кезеңдегі жасөспірім тәрбиесі, 15 – 18 жас кезеңіндегі жастар тәрбиесі бойынша оқушылардың жас ерекшелігіне сай тәрбие жоспарларын жасады. Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы әр тоқсан сайын ұйымдастырылып тұрады.

1.2023-2024 оқу жылы бойынша сынып жетекшілердің кадрлық құрамына сараптама

№	Аты-жөні	Сыныбы	Оқушы саны	Санаты
1	Тұманбаева Гүлмира Өмірғалиқызы	1	14	Педагог- сарапшы
2	Ақылбекова Галия Кузембаевна	2	16	Педагог- зерттеуші
3	Адаева Жанаргул Шайхиевна	3	16	Педагог- зерттеуші
4	Даулетова Ақшынар Мунайтпасовна	4	14	Педагог- зерттеуші
5	Молданиязова Айна Жолбатыровна	5	14	Педагог- зерттеуші
6	Аманжолова Құралай Рүстемқызы	6	12	Санатсыз
7	Орын Әлия Аманбекқызы	7	15	Педагог-сарапшы
8	Кадырова Нургуль Серғалиевна	8	8	Санатсыз
9	Еркін Нұрсұлтан Нартайұлы	9	12	Санатсыз
10	Тұрым Айсұлтан Орынбайұлы	10	11	Педагог-модератор
11	Койбагарова Лаура Ануарбековна	11	9	Педагог-модератор

2023 -2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу – тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаухатында мектептердің ата – аналар қауымдастығымен өзара іс – қимылын нығайту, ата – аналарды педагогикалық қолдау орталықтары құрылды. Ата-ана мен мектептің қарым- қатынасы – ұрпақ тәрбиесінің кайнар

бұлағы. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде.

Ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі-оқу жылында өткізілетін ата-аналар оқуы болып табылады. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынстық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені ғылым мен өнер ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Сондықтан мұғалім мен ата-аналардың өзара қатынасы міндеттерінің ең негізгісі – психологиялық - педагогикалық білімдерін көтеру болып табылады. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығы аясында өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде ата – анамен бірлесе жұмыстар жүргізу.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: позитивті ата – ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әл- ауқатын, тұлға ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата – аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті нығайту.

Міндеттері: Балалардың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата – аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық – педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамытуға арналған жүйелік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы және отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту. Балалардың саламаттығын үдерісте қамтамасыз ету бойынша балалардың тәрбиесі мен дамуына ата – ана жауапкершілігін арттыру.

Жүзеге асу принциптері:

- ✓ Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- ✓ Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- ✓ Ата – аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- ✓ Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- ✓ Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен біліктілікті эксперттерді тарту;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталықтарындағы сабақтардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл-ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді. Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық қолдау бағдарламасы әр буын бойынша жыл көлемінде сегіз сабақты қамтиды. Атап айтсақ: мектебімізде ата- аналарға арналған педагогикалық қолдау орталығының сабақтары әр буын бойынша ай сайын өтіп отырды.

1. 1-4 сынып ата-аналармен.

1. 1-4 сынып ата-аналары мен «Әрбір бала жарық жұлдыз» тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді.
2. 1-4 сынып оқушылардың ата-аналарымен «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады» тақырыбында ата-аналар оқуы ұйымдастырылып өткізілді.
Мақсаты: ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.
3. 1-4 сынып ата-аналарымен "Құмар ойындары-тәуелділік қақпаны" тақырыбында ата-аналар оқуы өтті.
Мақсаты: Ата-аналардың интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыларын дамыту.
4. "Сенім арту-жетістік кепілі" тақырыбында 1-4 сынып ата-аналарымен ата-аналар оқуы өтті.
Мақсаты: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру.
5. 1-4 сынып ата-аналарымен "Әкеге қарап ұл өсер, Анаға қарап қыз өсер" тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді.
6. 1-4 сынып ата-аналарымен "Тәлімменен өрілген біздің дәстүр" тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: Ата-аналардың отбасылық әл-ауқатын нығайту үшін прогрессивті дәстүрлерді

дамытуға және қолдауға дайындығын қалыптастыру.

1. 5-8 сынып ата-аналарымен

1.5-8 сынып оқушылардың ата-аналарымен «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады?» тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата-аналарды жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

2. 5-8 сынып оқушылардың ата-аналарымен «Бұлақ көрсең, көзін аш» тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дағдыларын қалыптастыру.

3. 5-9 сынып ата-аналарымен "Әр нәрсенің өлшемі бар..." "Қажет" пен "қалау" арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?» тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді.

4. 5-9 сынып ата-аналарымен "Әр нәрсенің өлшемі бар..." "Қажет" пен "қалау" арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5. «Отбасы құндылығы» тақырыбында ата – аналармен тренинг ұйымдастырылып өткізілді.

1. 9-11 сынып ата-аналарымен "Әлеуметтік желілер және интернет кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз міне-құлық тақырыбында ата-аналар оқуы өткізілді.

2. 8-11 сынып оқушыларының әкелерімен "Атадан өсиет, анадан қасиет" тақырыбында әкелер оқуы өткізілді.

Өткізілген ата-аналар оқуы әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б) қолдана отырып жүргізілді.

Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығының негізінде «Даналық мектебі» клубы құрылды. «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады.

✓ «Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

▶ аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;

▶ ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;

▶ өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

▶ «Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже:

▶ позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясы жұмыс атқарады:

Ата өсиеті:

- Жетеатасынбілгенұл, жеті жұрттың қамын жер

- Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет

« Әже даналығы»

-Ертегі – танымының көзі

-Ырым – тыйым – әдептілік негізі

«Аға қамқорлығы»

-Ағасы бардың – жағасы бар

-Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі

«Женге кеңесі»

-Қыз ғұмырдың құпиялары

-Қыздар білуге тиіс.

✓ «Даналық мектебі» клубы жыл көлемінде сегіз сабақты қамти отырып, жұмыс жоспары жасалып, жоспар негізінде жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ:

1. «Шеберлер ауылы» оқушылар қолынан шыққан ұлттық бұйымдар. (Әжелер мектебі)
2. 25 Қазан "Республика күні" мерекесіне орай мектебімізде «Қайырымдылық-ізгі іс» тақырыбында жәрменке ұйымдастырылды. (Женгелер мектебі)
3. «Ою ойғанның ойы ұшқыр». (Әжелер мектебі)
4. Әкелермен бірлескен «Әкенің берген тәрбиесі-балаға өмірлік азық» тақырыбында 6-сынып оқушыларының ата-аналарымен тренинг өткізілді. Мақсаты: Әкенің отбасындағы тәрбиеге өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, мектеп пен ата – ана байланысын ынтымақтастыру өзара серіктестік орнату, ата – ананың, баланың оқу – тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру. Ата-аналар жиналысқа бір кісідей келіп қатысады. Тақырыптарға байланысты әр түрлі сұрақтар қойылып, тапсырмалар орындалады. (Ағалар мектебі)
5. 5-7 сынып арасында "Әжелер сөзі-тәрбие көзі" атты тақырыпта әжелер мен немерелердің қатысуымен сайыс өтті. Мақсаты: оқушыларымызды ізгілікке, үлкенді сыйлап тыңдай білуге, құрметтеуге, халқымыздың салт-дәстүрлерінен нәр алуға, өй-өрісін дамыту, өнерге баули отырып, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. (Әжелер мектебі)
6. "Аяулы, шебер аналар" тақырыбында шеберлік сағаты өткізілді. Мақсаты: қазақ халқының ұлттық өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу. Әжелеріміз бен аналарымыздың шеберлігін байқау, жұмыс тәжірибесімен бөлісу. Әже тәрбиесін үлгі ету, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. (Әжелер, женгелер мектебі)

Нәтижесінде: Ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Ата – аналармен жұмыс

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналар мен қоғамдас-тықпен мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы отбасы. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы - ата-анасы. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісі негізгі рөл атқарады. Сынып жетекшісінің жұмысынан отбасы мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің мәні мен маңызын, ұстанатын бағыттарын түсінеді әрі оған қатысады. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде ата-ана-оқушы-мұғалім үштік одағы тығыз жұмыс атқарады. Әртүрлі формада ата – аналар жиналысы өткізілді.

5-сынып оқушыларының ата-аналары мен «Бақытынды балаңнан ізде» тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір-біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата-ана екенін түсіндіру. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, жақсы, жаман әдеттерді бала бойына туғаннан бастап қалыптасандығын сөз етті. Баланың мейірімді, еңбекқор болып өсуі-отбасындағы жайлы, жақсы климаттың болуынан деді. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек.

Мектебімізде мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа 1 – 11 сыныптың ата - аналары қатысты .

1. 2022- 2023 оқу жылының оқу - тәрбие жұмысының қорытындысы.
2. «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары.
3. Әр түрлі мәселелер.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрсетілген 3 құндылық бойынша жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген 3 құндылықтың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. 3 құндылықты негізге ала отырып, тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс – шаралар атқарылды.

1. Құндылық: Ұлттық мүдде.

-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

-Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

-Елінің тарихын құрметтейді

-Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді

-Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды.

1 қыркүйек-Білім күніне арналған "Сыңғырла, қоңырау, сыңғырла" атты салтанатты жиын болып өтті. Жиынға ардагер ұстаздар, ата - аналар катысты. 1 қыркүйек - Білім күніне арналған "Мектебім-мейірім мекені" атты 1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

Оқушылардың жазғы демалыс уақыттарының қызықты сәттерінен 2-4 сынып оқушылары "Жазғы каникулдан жарқын естелік", "Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім". 5-8 сынып оқушылары "Менің саяхатым", "Менің туған өлкем", "Жазғы демалыста мен жасаған игі іс". 9-11 сынып оқушылары "Менің үлкен сыныптастарым", "Менің ойларым, армандарым, үміттерім", "Болашақ менің қолымда" тақырыптарында бейнероликтерін жасады.

25 қазан Республика күні мерекесіне орай «Мәңгілік жаса, қыран елі Қазақстаным!» атты іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Республика күні мерекесіне орай бсыныпта "Менің Отаным-Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

5-11 сынып оқушылар арасында "Менің арманымдағы Қазақстан" атты тақырыпта эссе жазу жұмыстары жүргізілді.

Тәуелсіздік күніне орай 2"Ә" сыныбында "Тәуелсіздік шежіресі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің 32 жылдық шежіресімен таныстыру, оқушының бойына ұлттық рухты, патриоттық сезімді ұялату, туып өскен жерін, елін, Отанын перзенттік сезіммен шексіз сүйе білуге бағдар беру.

Отан алдындағы борышын мақтаншыпен жеткізіп, сезіне білу, қасиетті тілімізді қолдайтын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. 8-11 сынып оқушыларының катысуымен "Жас мергендер" әскери - спорттық сайысы өткізілді 14 наурыз Көрісу күніне орай "Қауышу күні" атты амал мерекесі өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

22 наурыз мерекесіне арналған мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлері арасында эстафеталық жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

"Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні" атты іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-8 сынып оқушыларының арасында "Батаменен ел көгерер.." бата беру сайысы өткізілді.

17 наурыз - Шаңырақ күні. Наурыз - туыстық, байланыстарды сақтауға және қадірлеуге үндейтін отбасылық, мереке. Бұл - әрбірімізге жақын әрі бәрімізді біріктіретін құндылықтар. Бұл күн сүйіспеншілік, құрмет, сепім, өзара көмек, мейірімділік, жанашырлық, анаға құрмет және ұрпақ сүю сияқты отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған.

18 наурыз - Ұлттық киім күні. Мақсаты: ұлттық құндылықты насихаттау, қазақтың салт-дәстүріндегі ұлттық өнегені оқушылар бойына дарыту, елге, жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін оятып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

20 наурыз - Ұлттық спорт күні. Мақсаты: ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұжым мақсат әрекетіне дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір - біріне деген құрмет, жеңуге деген ұмтылысты дамыту.

2. Құндылық: Ар-ұят

-Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды

-Сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады

-Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

-Достарын, сыныптастарын сыйлайды

-Ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

12.09.23 ж күні Отбасы күніне орай «Жанұям қорғаным, ата – анам тірегім!» тақырыбында өткізілетін іс – шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспар негізінде 2 – 11 сынып оқушылары

«Сүйікті ата – анама хат» атты тақырыпта ата-аналарына ашық хат жолдады.

7 сынып оқушыларының қатысуымен "Отбасы-шаңырақтың айнымас тіреуі" атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орны ерекше екенін түсіндіру. Жанұядағы ата - ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Мектеп, ата - ана, ұстаз бірлігін нығайту. Қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сypайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу. Отбасы құндылықтарын арттыру.

Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты қарттар күніне арналған іс – шара жоспары жасалып, бекітілді. Атап айтсақ: 2-4 сынып оқушылары арасында "Менің сүйікті әжем мен атам" тақырыбында құттықтау бейнеролигін жасады."Мейірімділік жүрек жұмсартаp"атты тақырыпта 1-7 сынып оқушылар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып өткізілді.

Ұстаздар күніне орай «Ұстаз–ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күні», яғни білім алушылардың өзін-өзі басқару күні өтті. Мақсаты: Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. «Дублер күнін» өткізу мақсатында 11 сынып оқушыларынан бастамашыл топ құрылды. Сонымен қатар жоспар бойынша алдын ала өзін – өзі басқару күнін өткізу ережесі, мақсаттары мен міндеттері, өткізу форматы мен тәртібі айқындалды. Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін 11-сынып оқушылары атқарды.Осы жауапты іс-шараға оқушылар жоғары дайындықпен келді. Мұғалімдердің басшылығымен сабақ кестесін құрып, әр сабақтың жоспарын жазды. Таңертеңнен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады. Дублер күні-оқушылардың көшбасшылығын арттырып, өзін-өзі басқару ұйымын жақсартуға және өзін мұғалім болып сезіне алуына мүмкіндік берді.

"Дублер"күні білім алушылардың өзін- өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен өткізілді.

"Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегім!" атты тақырыпта оқушылардың мектеп мұғалімдерін құттықтаулары.

"Мұғалім-мектептің жүрегі" тақырыбында мұғалімдер күні мерекесіне «Сырласым» қыздар ұйымының құттықтаулары жолданды.

Көктемнің алғашқы күні 1 наурыз - "Алғыс айту күні" мерекесіне орай, мектебіміздің оқушылары "Ата-ана сағат рақмет!" тақырыбында өз ата-аналарына жылы лебіздерін жолдады.

Өзін-өзі басқару ұйымының онкүндік іс-шара жоспарына сәйкес мектеп Парламенті фракцияларының ұйымдастыруымен "Алтын жүрек" республикалық челленджі ұйымдастырылды.

8 наурыз-Халықаралық әйелдер мерекесіне орай мектебімізде ер-азаматтардың ұйымдастыруымен "Сыйынар ем, Ана деген тәңірге "атты мерекелік концерт өткізілді.

3. Құндылық: Талап.

-Жан мен тән тазалығын сақтайды

-Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді

-Қоршаған орта тазалығын сақтайды

-Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық

-Ізденімпаз,жасампаз тұлға

Қыркүйек айында дене шынықтыру пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дене тәрбиесі – салауатты өмір салты» атты тақырыпта фестиваль ұйымдастырылып өткізілді.

"Еңбек күнін" мерекелеуге байланысты 5-7 сынып оқушыларына еңбек адамдары туралы кино фильмдер көрсетілді.

5-6 сынып оқушылар мен ата - аналардың қатысуымен "Менің жетістігім - менің нәтижем" ұранымен "Мен, сен,ол - біз салауатты жанұямыз"атты тақырыпта спорттық жарыстар ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында қарым - қатынасты, достық сезімді нығайту. Ата - аналарға, оқушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыру.

5-7 сынып оқушылары арасында еңбек күніне байланысты челленджі ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты:еңбек адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру, еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

5-8 сыныптар арасында еңбек тақырыбында «Еңбек адамдары», «Маған ұнайтын жұмыс»,

«Менің болашақ мамандығым» тақырыбында эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: еңбек туралы түсініктерін молайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Эссе жазу байқауына белсене қатысқан оқушылар мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды.

1-11-сынып оқушылар арасында "Арайлы алтын күз" атты тақырыпта алтын күз мерекесі ұйымдастырылып өткізілді.

1-7-сынып оқушыларының "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" тақырыбында фотоколлаж жасады. Мақсаты: еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру, еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Мектебімізде даярлық тобы, 1-4, 5-8, 9-11 сыныптар арасында "Қош келдің, Жаңа жыл!" атты шырша мерекесі болып өтті

"ДосболLIKE: достық қолын ұсын" акциясы шеңберінде мектебіміздегі "Шапағат" еріктілер тобы ауылымыздың қарт адамдарына көмек көрсетті. ДосболLIKE: Достық қолын ұсын" акциясы аясында "Менің болашақ мамандығым" атты тақырыпта 8-11 сыныптар арасында КВЕСТ ойыны өтті. Мақсаты: жасөспірімдердің мамандық таңдауға және мамандық туралы мәлімет алуға жағдай жасау. Оқушылар белсенді қатысып, берілген тапсырмаларды топтасып шешті. Ойыннан алған әсерлерімен бөлісті. Мамандықтар туралы сұрақтарға жауап беріп, өздеріне қосымша ақпарат алды.

"ДосболLIKE: достық қолын ұсын" акциясы аясында мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында "Жүректен жүрекке" атты суретті жалғастыру көрмесі өткізілді.

ДосболLIKE: достық қолын ұсын" акциясы аясында мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен жылдамдықпен, тапқырлыққа бағытталған мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымынан достық туралы мақал - мәтелдердің жалғасын табу мақсатында "Бір мақал - бір бауырсақ" айдары өткізілді.

1-4 сынып оқушылар арасында "Қалдықтарды табысқа айналдырайық" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: күнделікті тұрмыста аса мән бере қоймайтын қатты тұрмыстық қалдықтарды ұтымды жолдармен жою және оларды қайта пайдалану мүмкіндігін де қарастыру. Атмосфераға зиянды қалдықтардың тасталуын азайту мен қоршаған ортаны сақтау үшін жасыл технологияларды қолдануға баулу.

"Туберкулез" туралы дерек бере отырып, оқушылардың өз денсаулығына, қоршаған адамдардың денсаулығына жауапкершілігін арттыру, жеке бас гигиенасы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында "24 наурыз-Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес" күніне орай 5-7 сынып оқушыларымен түсінік жұмыстары жүргізілді. Мектеп оқушыларының «Туберкулез ауруынан қорғану жолдары мен алдын-алу іс-шаралары туралы» арнайы бейнероликтер көрсетіліп, түсінік жұмыстары жүргізілді.

"Каникулда кітап оқимыз" буккроссингі өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, балалардың бос уақытын ұйымдастыру, баланың ақыл- ойын дамыту. Өз ой - пікірлерін айтып, ойларын жетік, ашық жеткізе білуге үйрету. Адамгершілік, адалдық, тәрбиелік пен қатар салауаттылыққа тәрбиелеу.

«Тоғыз айға тоғыз іс – шара» тұжырымдамасы

Тұжырымдама өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шараның тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты: «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» аясында білім беру ұйымдарында іс-шаралар өткізудің мазмұнын мен бірыңғай тәсілдемесін әзірлеу.

Міндеттері: 1. Іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай форматын әзірлеу; 2. Іс-шараларды өткізудің бірыңғай форматы арқылы білім беру ұйымдары арасында ынтымақтастық орнату; 3. Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды дарыту. 08.09.2023 ж күні мектебімізде "Сергіту сәті" челленджі ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

23.10.23 ж күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын айту челленджі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың бойына патриоттық сезімін қалыптастыру, Отанына, еліне, жеріне сүйіспеншілік сезімін ояту.

2-7-сынып оқушыларының қатысуымен "Қазақ есебі" байқауы өтті. Мақсаты: оқушылардың білімдерін саралау, ой ұшқырлықтарын байқау, топпен бірлесе отырып жұмыс істей білуге және өз білімін көрсете білуге үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, жан - жақты білімділікке баулу.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени - ағартушылық жобаның негізінде 11.09 – 24.10.23 ж күндері аралығында өткізілетін «Ақындар айтысы» сайысының іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Атап айтсақ: «Менің отбасым-шығармашыл отбасы» атты тақырыпта оқушы мен ата-анасы бірігіп өлең шумақтарын шығарды. Мақсаты: отбасылық құндылықтарды насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту, татулыққа, бірлікке шақыру. Мектеп кітапханашысы Ф. Жоламанның ұйымдастыруымен "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы аясында " Бізді ақылды ететін кітап- дана" тақырыбында кітаптар керуені өткізілді. Мақсаты: оқушыларды кітапты сүйеге, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу, кітаптың адам өміріндегі аса маңызды ролін түсіндіріп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

Қыздар, ұлдармен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылында «Сырласым» клуб қыздар ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес 5-11-сынып қыз балаларымен жыл бойы жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша қыркүйек айында қыздар кеңесінің құрамы сайланды. Төрайымы болып 11-сынып оқушысы Орынбасарова Әсел тағайындалды. Қыз балаларға мектеп формасын және мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, жеке бас гигиенасының тазалығы жөнінде түсіндірме жұмысы жүргізілді. Қазан айының алғашқы аптасында «Ұстазға мың алғыс» тақырыбында білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздарымызға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында әдемі тілектер жолданып, тосын сый жасалынып, бейнеролик түсірілді.

Қараша айында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мағынасы терең, тәлім-тәрбие беретін презентациялар көрсетіліп, сауалнамалар алынды. Ой қозғау кезеңінде қыздарымыз тамаша пікірлерін еркін жеткізе білді. Осы айдың соңғы аптасында «Күз мезгілінде дүниеге келген арулар» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылды. Туған күн иелеріне ақ тілектер айтылып, ән арналып, өлең оқылды, би биленді. Керемет әсер алған аруларымыз алғыстарын білдірді.

Желтоқсан айында «Қыздарға кеңес» атты мектеп медбикесі Г.Тымбаевамен кездесу өткізілді. Қыз балаларға тазалықты сақтау, дене терлеген кездегі бөлінетін жағымсыз иістерден арылу жолдары түсіндірілді. Қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, пікір алмасты. Желтоқсан айының екінші жұмысына «Дастарханды безендіру ерекшеліктері» тақырыбында ұйымдастырылып, мерекелік дастарханды безендіру сәттері түсіндірілді және әр сыныптан майлық қағаздармен безендерудің шеберлік кластары көрсетілді. Оның ішінде 9-сынып оқушысы Қоныс Мерейдің жұмыстары оқушылардың ерекше көңілдерінен шықты.

Қаңтар айында «Киіне білу де өнер» тақырыбында пікір алмасу өткізілді. Жұмыс барысында 10-сынып оқушылар Жылқыбаева Мерейлім мен Мұратова Еркеназ киім кию стильдерін презентация арқылы таныстырса, 11-сынып оқушысы Бүркіт Мөлдір заманауи стильдерін түрлерімен таныстырды. Пікір алмасу кезінде оқушылар өздеріне жақын стильдерді таңдап алып, олардың өзіне не үшін жақын екендіктерін түсіндірді.

Ақпан айында «Денсаулық-зор байлық» спорттық шара дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Г.Тұрарова, А.Таймағамбетовамен бірігіп ұйымдастырылды. 5-11-сынып қыз балаларынан 4 құрама команда жасақталды. Шара барысында салауатты өмір салтын сақтай отырып, шапшаңдықты қажет ететін түрлі тапсырмалар орындалды. Нәтижесінде «Шымыр» тобы жеңіске жетті.

Ақпан айының 15 жұлдызында «ДосБолLike» акциясы негізінде мектебіміздің кіші қызметкерлері мен мұғалімдеріне, оқушыларға «Шын жүректен» деп аталатын тренинг өткізілді. Жоғары деңгейде өткізілген тренинг қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Белсенді қатысқан қызметкерлер мен оқушылар марапатталды.

Ақпан айының соңында «Қыс мезгілінде дүниеге келген арулар» мерекелік кеші ұйымдастырылды. Түрлі қызықты ойындар ойнатылып, ән-билер өткізілді. Мерекелік кештен туған күн иелері өте жақсы әсер алды.

1 наурыз алғыс айту күніне орай жоспардан тыс «Алғыс» жәшігі ұйымдастырылды. Оқушылардың ұстаздарына деген алғыс айтылған ашық хаттары жәшікке салынып, хат өз иелеріне жолданды. Қуанышқа бөленген ұстаздарымыз оқушыларына ыстық ықыластарын білдірді.

Наурыз айында «Дәм-думан» тағам әзірлеп үйрену іс-шарасы жүргізіліп, қыздарымыз өз қолдарымен түрлі тағамдар әзірлеп, ас мәзірімен бөлісті. 11-сынып оқушылары пицца, 10-сынып панкейк, 9-сынып самса, 8-сынып тәтті бәліш, 7-сынып булочка, 6-сынып блинчик, 5-сынып кекс өнімдерінің дайындау жолдарын көрсетті.

Сәуір айында «Шебердің қолы ортақ» (матадан ас үй жабдықтарын жасау) тақырыбында мастер класс ұйымдастырылды. Қыздарымыз ас үй жабдықтарының түрлерін дайындап, таныстырды, жасалу жолдарымен бөлісті. Ең үздік жұмыс 8-сынып қыздарының жұмысы болып танылды.

Мамыр айында «Көктем және жаз мезгілінде дүниеге келген арулар» мерекелік кеші өткізілді. Қыздарымыз түрлі-түсті жыл мезгілдеріне орай әдемі көйлектер киіп, қызықты сұрақтарға жауап берді, тренингтер ұйымдастырылып, ақ тілектер жолданды.

Оқу жылының соңында «Қыздар ұйымының жылдық қорытынды есебі» өткізілді. Жыл бойы жасалған жұмыстар қорытындыланып, түлектерге сәт-сапар тілеп, алғыс хаттармен марапатталды.

8-11 сынып ұлдарымен «Ер жігіт әдебі» туралы ұлдар жиналысы болып өтті. 5-7 сынып ұлдарымен «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «Құқық бұзушылық және жауапкершілік» тақырыптарында жиналыстар өткізілді.

Жиналыста ұл балалардың сабаққа қатысы, мектеп формасы, сабаққа кешігу жайында және де қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі жайлы айтылып ескертілді.

Тәрбие жұмысын талдауға сүйене отырып, жалпы алғанда 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының қойылған міндеттерін шешілген деп санауға болады, мақсатқа қол жеткізілді.

Қорытынды: Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығына сүйене отырып, мектептің 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының оң және теріс жақтарын анықтауға болады. Мектептің білім беру жүйесінің жағдайына SWOT-талдау:

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары(W)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың рухани – адамгершілік дамуын және кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ететін мекемелерімен әлеуметтік серіктестік; 2. Қосымша білім беруде оқушылардың қатысу пайызы төмендемейді; 3. Тәрбие жұмысының жоспары толық көлемде жүзеге асырылады; 4. Сынып ұжымдарының тәрбие жұмысы бағдарламасын жүзеге асырудағы белсенділігі артып келеді; 5. Оқушылардың шығармашылық белсенділігінің өсуі, түрлі конкурстарға, байқауларға және басқа да жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға деген ынтасы байқалады; 6. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту; 7. Мектеп сайты арқылы отбасымен жедел байланысты жүзеге асыру; 8. Мемлекеттік-қоғамдық басқару жүйесін дамыту 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сынып жетекшілерінің жеке оқушылардың этикасын, мінез-құлық мәдениетін зерттеуге жеткіліксіз көңіл бөлуі. 2. Сынып ұжымдары деңгейінде оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарының жеткіліксіздігі. 3. Балалар ұйымы көшбасшыларының құқықтық мәдениетінің төмендігі. 4. 3 жыл бойы әртүрлі есептерде (полиция бөлімі) тұратын білім алушылар бар.

<p>9. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру (үйірме және жобалық қызмет, конкурстық қозғалыс).</p> <p>10. Мектептегі дәстүрлердің болуы</p> <p>11. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына және «Даналық мектебіне» тарту.</p>	
Мүмкіндіктер (О)	Қауіптер (Т)
<p>1. Оқушылардың бір-біріне толеранттық қарым-қатынасын қалыптастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдай жасау, экстремизмнің алдын алу;</p> <p>2. Сынып жетекшілерінің біліктілігін арттыру;</p> <p>3. Қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу;</p> <p>4. Өр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, жұмыс түрлері мен әдістерін енгізу;</p> <p>5. Мектептегі өзін-өзі басқарудың балалар моделін жетілдіру.</p> <p>6. Білім беру міндеттерін шешуге әлеуметтік серіктестерді тарту.</p> <p>7. Мектеп мәртебесін көтеру</p>	<p>1. Ата-аналардың жұмысбастылығы. Кейбір ата-аналардың баласын оқытуға және тәрбиелеуге құлықсыздығы.</p> <p>2. Ғаламтор жүйесі және түрлі гаджеттердің білім алушылардың қоғамдық жұмысқа деген белсенділігін төмендетуі.</p> <p>3. Қауіптіліктің үстемдігі бұқаралық ақпарат құралдары және интернет желілері</p>

«Жас толқын» дебат үйірмесі құрылып, жылдық жоспары жасалынды. Жетекшісі: Н.Н.Еркін. Жыл көлемінде жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Дебат клубына 8 – 10 сынып оқушылары қамтылды. Барлығы – 10 оқушы.

Мақсаты: Саяси сауатты, еркін көзқарасы бар, азаматтық қасиеттері мен ұстанымдары дағдыланған, демократиялы қарым – қатынасқа қалыптасқан қоғамдағы тұлғаны қалыптастыру.

"Жас толқын" дебат клубының ұйымдастыруымен "Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы" тақырыбында дебат өткізілді. Мақсаты: айтыс өнерін насихаттау, болашақ ұрпаққа айтыстың құндылығын жеткізу. Оқушыларды шешен сөйлей білуге, сөздік қорларын байытуға үйрету.

Өзін - өзі басқару ұйымының онкүндік іс - шара жоспарына сәйкес дебат қозғалысының мүшелері мен мектеп Парламент фракцияларының ұйымдастыруымен "Мектепте жаза қолданған дұрыс па, бұрыс па?" тақырыбында пікір алмасу өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өз ойларын анық және нақты жеткізуге, интеллект және тіл байлығын дамыту. Оқушылардың тәрбиесін қалыптастыру.

"Жас толқын" дебат клубының ұйымдастыруымен "Компьютерлік ойындар тұлғаны дамытады" тақырыбында дебат ойыны өткізілді. Мақсаты: Белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу.

2023-2024 оқу жылында өткізілген шаралар заман талабына сай әлеуметтік парақшаларға уақытында жарияланды.

2023-2024 оқу жылындағы "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша жасалған жұмыстар

2023 жылдың қыркүйек айында 1- сынып оқушыларына "Кітаппен оқуға құмармыз" тақырыбында мектеп кітапханасына жаңадан келіп түскен көркем әдеби кітаптарға көрме ұйымдастырылды. Оқушылар кітаптың мазмұнымен кеңінен танысып өз ара пікір алысты. Сонымен қатар 2023 жылдың 15 қыркүйек күні 5-9 сынып оқушыларына Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынов танымдық сабағы өткізілді. Сабақ үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушыларға ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың өмір жолы, шығармашылығы таныстырылды. Атап өтетін болсам 1-қазан «Қарттарым-асыл қазынам» атты әдеби-музыкалық кеш өтті. Қарттардың қоғамдағы рөлі ерекше екендігін ұғындыра отырып, қариялармызды құрметтеуге баулу. Кеш тренингпен басталып, мектеп өнерпаздары өнерлерімен жалғасын тапты. Ахмет Байтұрсыновтың туганына 150 жыл толу қарсаңында 5-6 сыныптар арасында көрініс қойылды. «Қасқыр мен қозы» көрінісін 5-сынып оқушылары ұйымдастырып, ал «Балықшы мен балық» көрінісін 6-сынып оқушылары көрсетті. 5-8 сынып аралығында «Асқақтай бер, айбынды Қазақстан!» тақырыбында

көрінісін 5-сынып оқушылары ұйымдастырып, «Балықшы мен балық» көрінісін-бсынып оқушылары көрсетті. 5-8 сынып аралығында «Асқақтай бер, айбынды Қазақстан!» тақырыбында оқушыларды тәуелсіздік туралы түсініктерін кенейту, еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін мақтанш сезімдерін арттыру, өз елін-жерін ұлттық намысын қорғау тәрбиелеу туралы биографиялық шолу өткізілді. 25 қазан күні-Республика күніне орай 1-11-сынып аралығында «Тәуелсіздік-елімнің еркін жолы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Теректі мектеп-балабақшасында "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз!" атты іс-шара барысында 4-сынып оқушыларының оқыған әдеби кітаптарының желісі бойынша күз мезгіліне сурет салу шаралары өтті. "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша «10 минуттық кітап оқу» акциясы өткізілі. Қыркүйек айы керемет акциямен басталып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтары арта түсті. Теректі мектеп-балабақшасында "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Мектеп мұражайына саяхат" тақырыбында оқушыларға ұлағатты ұстаз Евесов Хайролла өмірі, шығармашылығы, ұстаздық қызметі, өнегелі, істер туралы ақпарат айтылып, таныстырлым жасалды. 7-11 сынып оқушылары арасында онлайн «Шешендік сөздер!» челленджі ұйымдастырылды. Оқушылар арасында жас ұрпақты би-шешендер сөзінің тәрбиелік-тағылымдық маңызын меңгеруге баулу, оқушылардың сөйлеу шеберліктерін жетілдіріу. Аталмыш челленджге 7-сынып оқушысы-Жолдағали Жаннұр Айдынгалиқызы, 9-сынып-Жылқыбаева Мерейлім Ертайқызы. 9-сынып оқушысы-Жакешов Асылхан Сералыұлы, 11-сынып оқушысы-Әмірбай Жанерке Сейфуллақызы қатысты. Челендж мектеп инстаграмына жарияланды. Теректі мектеп-балабақшасында "Оқуға құштар мектеп" жобасында кітап оқуды дәріптеу, кітап оқуға тарту және кітап оқуға деген қызығушылық, пен ынтаны дамыту мақсатында "Өзің оқыда, өзгеге ұсын" шарасы өткізілді. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік бастауы» атты желтоқсан жауқазындары туралы еске алу кеші ұйымдастырылды. Оқушыларға еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабалармыздың ерлігін паш етті, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға апалармыздың ерлігін үлгі етіп көрсетілді. 9 ақпан Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған челендж, патриотық, рухани-адамгершілік тәрбие мен төзімділікті қалыптастыру, дарынды оқушыларды қолдау және шығармашылық жұмысты дамыту. "Оқуға құштар мектеп" жобасында республикалық челенджі барысында Халық қаһарманы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан жазушысы Қасым Қайсеновтың "Жау тылындағы бала" атты повесі ұсынылды. «Ана деп көркем жыр төккен, Армысың, Ару нұр-көктем» атты ана туралы өлеңдер челлендж өткізілді.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2-қосымшасы негізінде **«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»** жоспары жасакталып, мектеп директорының қолы және мөрімен бекітілді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы кағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарлама 6 құндылыққа негізделген:

1.Тәуелсіздік және отаншылдық

2.Бірлік және ынтымақ

3.Әділдік және жауапкершілік

4.Заң және тәртіп

5.Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

6.Жасампаздық және жанашылдық

Күнделікті атқарылатын іс-шаралар:

Үзіліс кезінде «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында асық, тоғызқұмалақ, бес тас ойындары ойнатылады; «**Өнегелі 15 минут**» ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесу жұмысы жүргізілуде;

«**Үнемді тұтыну**» суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірленіп таратылуда;

«**Күй күмбірі**» қоңыраудың орнына күйді пайдалану қолға алынды.

«**Оқуға құштар мектеп**» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» шарасы ұйымдастырылады.

Апта сайын атқарылатын іс-шаралар:

«**Апта дәйексөздері**» – мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері аптаның басында ақпараттық стендтерде, сынып тақталарында орналастырылады. Жиында және сынып сағаттарында дәйексөздердің мағынасы түсіндіріліп, ашық әңгіме жүргізіледі; Әр дүйсенбіде білім алушылар **Қазақстан Республикасының Әнұранын** орындайды;

«**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру мақсатында жоспар құрылды.

«**БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**» аясында жүзеге асырылатын әлеуметтік жобаларға жетекшілер бекітіліп, жұмыс жоспары жасалынды.

«Қамқор» жобасы– жетекшісі: Тұрарова Г.Ж

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы– жетекшісі: Тұрым А.О

«SMART BALA» жобасы–жетекшісі:Конспекова Т.А

«Шабыт» жобасы–жетекшісі: Досанова Г.Н

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы–жетекшісі: Қойбағарова Л.А

«Балалар кітапханасы» жобасы–жетекшісі: Жоламан Ф.Е

2024-2025 оқу жылы бойынша «**БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**» аясында сынып жетекшілер бірлестігі жұмыс жасауда

Сынып жетекшілер бірлестігінің өзекті тақырыбы: «Тәрбие міндеттерін жүзеге

асырауда класс жетекшілердің ұйымдастырушылық-педагогикалық, әдістемелік шеберліктері мен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру» .

Мақсаты: Класс жетекшілерге заманауи озық технологияларды, әдіс тәсілдерді меңгерту үшін әдістемелік көмек көрсете отырып, өз кәсіби құзыреттіліктерін көтеруге, тәжірибелерін жинақтап таратуға жағдай жасау.

2024-2025 оқу жылы бойынша сынып жетекшілердің кадрлық құрамына сараптама

№	Аты-жөні	Сыныбы	Оқушы саны	Санаты
1	Даулетова Акшынар Мунайпасовна	1	16	Педагог- зерттеуші
2	Тұманбаева Гүлмира Өмірғалиқызы	2	13	Педагог- сарапшы
3	Ақылбекова Галия Кузембаевна	3	15	Педагог- зерттеуші
4	Адаева Жанаргул Шайхиевна	4	16	Педагог- зерттеуші
5	Аблаева Ляззат Абиловна	5	12	Педагог-модератор
6	Молданиязова Айна Жолбатыровна	6	13	Педагог- зерттеуші
7	Аманжолова Құралай Рүстемқызы	7	12	Педагог-модератор
8	Лияшов Қайрат Қайрзаманович	8	13	Педагог-зерттеуші
9	Кадырова Нургуль Серғалиевна	9	9	Педагог- модератор
10	Еркін Нұрсұлтан Нартайұлы	10	8	Педагог-модератор
11	Тұрым Айсұлтан Орынбайұлы	11	11	Педагог-модератор

Сынып жетекшілер бірлестігінің алға қойған міндеттері:

Озық тәжірибені жинақтау, саралау, мониторинг жасау

Ең үздік сынып жетекшілерін анықтау.

Ең үздік сынып сағаттары, сыныптан тыс шараларды анықтау.

БАҚ көздеріне, интернет желісіне жариялау.

Класс ұжымымен, жекелеген оқушылар мен ата-аналармен жүргізілетін тәрбие жұмысын үйлестіру.

Оқушылардың жанұясына барып тұру. Бұл-ата-аналармен жеке жұмыс істеудің неғұрлым кең тараған және тиімді түрі. Сынып жетекшісі өз оқушысының үйдегі өмірімен, тұрмыс жағдайымен танысып, тұрмыстық акті дайындайды.

Ата-аналармен хат алмасу, телефонмен байланыс жасау. Сынып жетекшілері оқушылардың тәртібі, білім деңгейімен ата-аналарды хабардар ету мақсатында жүргізеді.

Сыныптық, мектепшілік ата-аналар жиналысы. Сыныптағы, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жайымен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып отыру үшін оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі.

Сынып жетекшілері ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспарын бекітіп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізді. Олар ата-аналар жиналысына, ашық тәрбие сағатына, мерекелік іс-шараларға ата-аналардың қатысуы, ата-аналармен сауалнама жүргізу, тренинг ұйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылды.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату.

Мақсаты: отбасы мүшелерінің өзара қарым - қатынасын анықтап, кеңес беру, оларды бала тәрбиесіне ортақтастыру;

Отбасы мен мектептің балаға қойылатын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.

Ата-аналар ұжымын құру.

Бұл бағытта ата-аналар комитетін құру, оның жұмыс жоспарын жасау, оларды мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатыстыру, атқарылған істерге талдау жасап отыру.

Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.

Тәрбие жұмысы жөнінде педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы кеңестерде қаралған мәселелер:

«Жалпыға бірдей міндетті оқуды ұйымдастырудағы, мектепке барар жол акциясы»

«Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалу барысы, мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз ету жайы «Оқушылардың жазғы еңбек демалысын ұйымдастыру туралы» «Оқушылардың жанұяларымен жұмыс жүргізу, педагогикалық қолдауды ұйымдастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу» «Ұлдар» мен «Қыздар» клубының жұмыс

жоспарларының орындалуы»

Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы

«Жас Сарбаз» жетекшісі Б.Ғ.Жақсылық біріккен жұмыстар және түнгі рейд жұмыстары жүргізді. «Жас сарбаз» клубының жұмыс жоспары жасалып, белгілі бір бағыттар бойынша жұмыс атқарылды.

Клуб жұмысының негізгі бағыттары: Еліміздің жауынгерлі дәстүрі, жауынгерлік борыш, әскери мамандықтар туралы әңгіме, ұйымдастыру;

- мектепте жауынгерлік және еңбек данқы туралы көрме ұйымдастыру;

- оқушыларды батырлар өмірі мен ерлігі үлгісінде тәрбиелеу;

- әскери-патриоттық тақырыпта шығарма, әңгіме, сурет, ән байқауларын өткізу;

- әскери-спорттық ойындар, жарыстар өткізу;

Аудандық және мектепшілік есепте тұрған ерекше назардағы оқушылардың көрсеткіші

Оқу жылы	Аудандық есепте	Мектепшілік есепте
2022-2023	0	0
2023-2024	0	0

Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің 26 желтоқсандағы 2014 жылғы №986 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия» жарлығына сәйкес, ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес құрылып, жоспары жасалынды. **Мақсаты:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу жұмыстарын жүргізу, келеңсіз жайттардың алдын алу, адам құқығын қорғау, психологиялық көмек көрсету. Жоспарға сай педагог кадрларымен ата-аналарымен түрлі іс-шаралар жүргізіледі.

Мектептегі «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубымен бірлескен іс-шаралар жүзеге асады. «Адалдық сағаты» өткізіледі. Акцияның мақсаты: қоғамға, әсіресе өскелең жастар арасында «парасаттылық принциптерін ілгерілету», «парасаттылық, әділдік, шынайылық» ұғымдарын трендке айналдыра отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Оқушылармен парасаттылық, әділдік, шынайылық туралы сөз қозғалды. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің тұрақты дамуына қауіп және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. жемқорлықпен күресу тек үкіметтің ғана емес, әркімнің міндеті болуы керек ...» деген болатын. Осы орайда акцияға оқушылар белсене қатыса отырып, өз пікірлерін білдірді. Парасатты, адал азамат дегенді қалай түсінесің? Бейнефильм көрсетілді.

1 қыркүйек-жана оқу жылының басталуы «Мектебім-мейірім мекені» Бұл күн, әсіресе бірінші сынып оқушылары, олардың аналары мен әкелері, ата-әжелері үшін көңіл толқытар сәттің бірі болады. Биыл Теректі мектеп-балабақшасының 1-сыныбына 16 бүлдіршін қабылданды. Олар алғашқы әліппелерін қолына алып, білім әлеміне қадам басты. 1 қыркүйек демалыс күніне келуіне байланысты салтанатты жиынға 1-сынып және 11-сынып оқушылары қатыстырылды.

Жана оқу жылы қарсаңында жағымды ахуал, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында 2 қыркүйек-Білім күніне арналған «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Қыркүйек айындағы аптаның дәйексөзі:

1-апта: Білім-қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

2-апта: Адал еңбекпен мал іздемек-ол арлы адамның ісі. (Абай)

3-апта: «Еңбек-жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы». (Абай)

4-апта: «Еңбек шыққан жерден төзім де шығады» (Мұхтар Әуезов)

Әр сынып жетекші аптаның дәйексөздерімен сынып сағаттарында жұмыс жүргізеді.

5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тілім менің-ғасырларға аманат» тақырыбында тіл мамандарының ұйымдастыруымен жалпы мектепшілік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, ерекше атсалысты.

Қыркүйек айында 1-8-сынып «Жол қауіпсіздігі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Отбасы күніне орай «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында сыныптарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Қыркүйек-еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы болып айқындалды. Осы айда еңбек тақырыбында бірнеше жұмыстар жүргізілді.

«Еңбек тәрбиесі – бастан, еңбекке баулу– жастан» 1-4-сынып, «Еңбекке деген құштарлық қашан да пайдалы» 5-8-сынып, «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» тақырыптарында 9-11-сыныптарға сынып сағаттары және қауіпсіздік сабағы (10 минут) ұйымдастырылды. Еңбек күніне арналған «Еңбек түбі - береке» атты сынып сағаты 1-11-сынып оқушыларына ұйымдастырылды. «Ерікті ісі-қайырымдылықтың бір канаты» тақырыбында «Қамқор» жобасының мүшелері мұқтаж отбасыларға көмек қолын созды. «Қамқор» жобасы аясында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы сенбілік жұмысы ұйымдастырылды.

Қамқоршылық кеңесінің басты мақсаты- білім беру сапасын арттыруда бірігіп жұмыс істеу. Қамқоршылық кеңесі құрамында 9 адам бар. Кеңес мүшелері офлайн жиналыстар өткізіп отырады. Мектепте туындаған көптеген мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын басшылыққа алады.

Қамқоршылық кеңесінің өкілеттілігі:

- білім алушылардың құқығының сақталуына;
- білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
- мектепті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеуге;
- қайырымдылық көмек түрінде мектепке аударылған қаржыны бөлуге;
- мектеп қызметінің мәселелері бойынша

2022 жылдың қыркүйек айында қамқоршылық кеңесі қайта құрылды. Құрамы 9 адамнан тұрады. Мектеп өмірімен тығыз байланысты қамқоршылық кеңесінің басты мақсаты- білім беру сапасын арттыруда бірігіп жұмыс істеу. Осы мақсат негізінде мектеппен ынтымақтаса жұмыс жасадық.

Мектеп-балабақшамызда көптеген игі іс шаралар жоспар бойынша жүзеге асты. Аз қамтылған отбасының 4 баласы Ақтөбе қаласына сауықтыру лагеріне барып қайтты.

Жыл бойы жүргізілетін «Мектепке жол» республикалық акция аясында азқамтылған 1 отбасының 2 баласын мектеп формасымен және оқу-құралдармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар көп балалы отбасы, толық емес отбасы оқушылар 6 бала оқу құралдармен спорттық форма мен қамтылды. Оқу жылының басынан бастап аз қамтылған отбасының 2 баласы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Ата-аналардан сенім жәшігіне шағым арыздар түскен жоқ.

Мектеп-балабақшамыз білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жалпы жағдайы қамқоршылық кеңесі тарапынан бақыланады. Мектепте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары сақталған. Оқушыларға білім алуға барлық жағдай жасалған. Оқушылардың қосымша дамуы үшін спорттық секциялар, қолөнер,тілдік бағытындағы үйірмелер, компьютерлік кабинет жұмыс жасайды. Білім алушыларға медициналық, психологиялық тұрғыдан көмектер көрсетіліп, әртүрлі іс-шаралар, тренингтер өткізіп отырылады. Мектептің, сынып бөлмелерінің санитарлық жағдайы жақсы, талапқа сай. Оқушыларға сынып жетекші, пән мұғалімдері, психолог, медбике т.б тарапынан көмек көрсетіліп отырылады. Сабақтан тыс қосымша сабақтар, үйірмелер, секция жұмыстары жүргізіледі. Асхана қызметі күнделікті ас мәзіріне сай оқушыларды тамақтандырады. Асхана қызметі мектеп әкімшілігі, ата-аналар комитеті, медбике тарапынан күнделікті бақыланып отырылады.

Мектеп-балабақшада «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы қарсаңында бір жеке кәсіпкер мен мектеп ұстаздары аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына киім-кешек пен оқу -құралдарын алып берді.

Қамқоршылық кеңесі мектептегі іс-шаралардың өтуіне ат салысады. Жағдайы төмен, көп балалы аз қамтылған оқушылардың қала әкімінің шыршасына, жазғы сауықтыру лагерлеріне баруы, киім-кешек берілуіне «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуына, ауыл бойынша сенбіліктердің ұйымдастырылуы, мектеп оқушыларымен, ұжыммен біріккен жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізілуіне көмектеседі.

Әлеуметтік санаттар атауы	2022-2023
Жалпы ата-ана саны	128

Отбасы саны	68
Толық емес отбасылары	8
Жалғыз басты әкелер	0
Жалғыз басты аналар	8
Өгей әкемен тұратын	1

Мектептегі аз қамтылған оқушылар жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражатқа тегін тамақтандыру, жазғы қала сыртындағы лагерлермен қамтылуы, мектеп формасының берілуі қарастырылған. Көп балалы, толық емес отбасы балалары есепке алынған.

Көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына киім кешек-беру

2022-2023 оқу жыл	Саны (оқушы)	Сомасы (тенге)
Қаржылай көмек алғандар	0	0
Материалдық көмек алғандар (мектеп формасы, кеңсе құралдары және т.б.)	10	150000
Азық-түлікпен көмек алғандар	2	20000
№64 қаулыға сәйкес қаржылай көмек алғандар	3	224334
Жалпы	15	394334

2023-2024 оқу жылының қараша айында қамқоршылық кеңесі қайта құрылған. Құрамы 11 адамнан тұрады.

Мектеп өмірімен тығыз байланысты қамқоршылық кеңесінің басты мақсаты- білім беру сапасын арттыруда бірігіп жұмыс істеу. Осы мақсат негізінде мектеппен ынтымақтаса жұмыс жасадық.

Мектеп-балабақшамызда көптеген игі іс шаралар жоспар бойынша жүргізілген. Аз қамтылған және көп балалы отбасының 3 баласы Шымкент қаласындағы «Ақсу» сыртындағы лагерьге барып қайтты. Ақтөбе қаласына «Шұғыла» сауықтыру лагеріне 7 бала барып қайтты.

Жыл бойы жүргізілетін «Мектепке жол» республикалық акция аясында аз қамтылған 3 отбасының 3 баласын мектеп формасымен және оқу-құралдармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар көп балалы отбасы, толық емес отбасы оқушылар 6 бала оқу құралдармен спорттық форма мен қамтылса «Алтайкете» кәсіпкер бір оқушыны толықтай мектеп формасы, оқу құралдарымен қамтыды. Оқу жылының басынан бастап аз қамтылған отбасының 22 баласы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Ата-аналардан сенім жәшігіне шағым арыздар түспеген.

Мектеп-балабақшамыз білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жалпы жағдайы қамқоршылық кеңесі тарапынан бақыланады. Мектепте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары сақталған. Оқушыларға білім алуға барлық жағдай жасалған. Оқушылардың қосымша дамуы үшін спорттық секциялар, колөнер, тілдік бағытындағы үйірмелер, компьютерлік кабинет жұмыс жасайды. Білім алушыларға медициналық, психологиялық тұрғыдан көмектер көрсетіліп, әртүрлі іс-шаралар, тренингтер өткізіп отырылады. Мектептің, сынып бөлмелерінің санитарлық жағдайы жақсы, талапқа сай. Оқушыларға сынып жетекші, пән мұғалімдері, психолог, медбике т.б тарапынан көмек көрсетіліп отырылады. Сабақтан тыс қосымша сабақтар, үйірмелер, секция жұмыстары жүргізіледі. Асхана қызметі күнделікті ас мәзіріне сай оқушыларды тамақтандырады. Асхана қызметі мектеп әкімшілігі, ата-аналар комитеті, медбике тарапынан күнделікті бақыланып отырылады.

Мектеп-балабақшада «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы қарсаңында бір жеке кәсіпкер мен мектеп ұстаздары аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына киім-кешек пен оқу -құралдарын алып берді.

Қамқоршылық кеңесі мектептегі іс-шаралардың өтуіне ат салысады. Жағдайы төмен, көп балалы аз қамтылған оқушылардың қала әкімінің шыршасына, жазғы сауықтыру лагерлеріне баруы, киім-кешек берілуіне «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуына, ауыл бойынша сенбіліктердің ұйымдастырылуы, мектеп оқушыларымен, ұжыммен біріккен жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізілуіне көмектеседі.

Әлеуметтік санаттар атауы	2023-2024
Жалпы ата-ана саны	134
Отбасы саны	71
Толық емес отбасылары	8

Жалғыз басты әкелер	0
Жалғыз басты аналар	8
Өгей әкемен тұратын	2

Мектептегі аз қамтылған оқушылар жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражатқа тегін тамақтандыру, жазғы қала сыртындағы лагерлермен қамтылуы, мектеп формасының берілуі қарастырылған. Көп балалы, толық емес отбасы балалары есепке алынған.

Көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына киім кешек-беру

№	Аудан атауы	Демеушінің толық аты-жөні	Қызметі, лауазымы	Демеушілік көрсеткен бала саны, қаржы көлемі	Ескерту
1	Теректі МБ	Мектеп мұғалімдер		3 оқушыға оқу құралдары мектеп формасы 30000тг	Жоқ
2		Есдәулет Еркебұлан	«Алтай кете» дүкені	1 оқушыға мектеп формасы 100000тг	Жоқ
3		«Аманат» партиясы		Оқушыларға оқу құралдар 23000тг	Жоқ
4		Ідірісова Мейрамгүл	Ата -ана жеке отбасынан кол көмек	5 оқушыға мектеп сөмкесі 12000тг	Жоқ
5		Аудандық білім бөлімі		1 оқушыға оқу құрал сөмке 10000тг	Жоқ

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік бағытта жүргізілген жұмыстар туралы

Оқу жылының басында 1-11 сынып класс жетекшілерінің көмегімен ,әрбір сыныптың әлеуметтік паспорты жасақталды. Осы жұмыс негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды.

Теректі мектеп-балабақшасы бойынша
Мектептің әлеуметтік паспорты

130 – бұйрық негізінде

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
1.	Барлық оқушылар	137/72	100
2.	Отбасы түрі бойынша:	75 отбасы 139 ата-ана	100
3.	Толық отбасылар	68	90,6
4.	Толық емес отбасылар	7	9,3
5.	Анасы жоқ балалар	0	0
6.	Әкесі жоқ балалар	11	8,0
7.	Көп балалы отбасы	28	37,3
8.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	0	0
9.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0,7
10.	Мүгедектігі бар балалар	2	1,4
11.	мүмкіндіктері шектеулі балалар	0	0
12.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
13.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
14.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
15.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
Ата-аналарының білімі:			
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	22	15,8
2.	Техникалық және кәсіптік	40	28,7
3.	Орта	77	55,3

Мектеп асханасында Тегін ыстық тамақ ұйымдастыру

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
 - білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
 - қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
 - тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
- Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылады, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыру

Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетіні сөзсіз. Теректі мектеп-балабақшасындағы білім алушылар саны- 137. Оның ішінде аз қамтылған отбасы балалары саны 1. Бастауыш сыныпта оқитын білім алушылар саны 59 толық ыстық тамақпен қамтылған. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. Оқушылар асханаға тегін ыстық тамақ ішуге екінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады.

Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіледі: ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндіріледі; мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары: оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізілген.

Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.

Тамақтану блогы түрі – асхана.
Отыратын орындар саны 140-орын

Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, сенбі күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде ҚТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.

Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жүйесінің міндеттері келесідей:

- оқушыларды толық ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- тағамның нәрлілігі мен үйлесімділігін қадағалау;
- оқушыларға салауатты өмір салты ұстанымдарын үйрету;
- жағымды дағдыларды қалыптастырып, салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру;
- тамақтану мәдениеті мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру;

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағыттарында тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте азаматтық-патриоттық, ұлттық-спорттық, көркемдік-эстетикалық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа

ұйымдастырылған. Қатысатын білім алушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%
2022-2023	119	88%	79	58%
2023-2024	125	89%	108	77%
2024-2025	122	89%	88	64%

2022-2023 оқу жылы бойынша Спорттық секциялар «Волейбол», «Баскетбол», «Дойбы», «Шахмат», «Үстел теннисі», «Қазақ күресі» және «Сөз өнері» үйірмелері ақысыз ұйымдастырылды.

Мектебімізде 119 білім алушылар мектепшілік спорттық секция мен үйірмелерге тартылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша спорттық секциялар «Волейбол», «Баскетбол», «Шахмат», «Үстел теннисі», «Күрес», «Гір көтеру» және үйірмелер «Сөз өнері», «Театр» ақысыз түрде ұйымдастырылды. барлығы-125 оқушы қатысты.

2024-2025 оқу жылы бойынша спорттық секциялар «Волейбол», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Үстел теннисі», «Күрес», «Гір көтеру» және үйірмелер «Сөз өнері», «Жас қалам» ақысыз түрде ұйымдастырылды. барлығы-122 оқушы қатысады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы 191 бұйрығы (3 тарау, үстемақыларды, қосымша төлемдер мен үстемақыларды есептеу тәртібі білім беру ұйымдарының қызметкерлері үшін), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы 1193 қаулысы «Азаматтық қызметшілерге, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде еңбекақы төлеу жүйесі туралы», Қазақстан республикасы 2018 жылғы 7 ақпандағы 42 қаулысы «Жарлыққа өзгерістер енгізу туралы» негізінде 2022-2023 оқу жылынан бастап, дене шынықтыру мұғалімдеріне мектептен тыс спорттық іс-шараларға өткізу үшін БДО 100/% көлемінде тарифтелінді.

- 1.1 «Қазақ күресі»-Тұрым А.О
- 1.2 «Тоғызқұмалақ»-Таймағанбетова А.А
- 1.3 «Волейбол»-Тұрарова Г.Ж.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың терендетілген және стандартты деңгейлері;

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2022-2023 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп, 10-класс оқушылары қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдады, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп, 10 класс оқушылары жаратылыстану-математика бағытын таңдады. 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытты таңдады.

Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 1-4 қазақ сыныптары үшін 8-қосымшамен, негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 5-9 сыныптар үшін 13-қосымшамен; 10-сыныпта қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары» 18-қосымша, 11-сыныпта жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу

жоспары 19-қосымшалары педагогикалық кеңесте талқыланып, ата-аналар комитетімен, камқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары жасалды, оқу жүктемесі бөлінген.

10-11-сыныптарда вариативтік компонентінде аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілді. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Вариатив компонентіндегі таңдау пәндері:

10-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқытылды. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныбына вариативтік компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген 4 сағат (бір-бір сағаттан) «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Информатика», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндеріне берілді

«Қазақ тілі» факультативтік курсының мақсаты- шешендік сөздің табиғатын танытып, айтылған ойды саралай білуге үйрету. Ұлттық құндылығымыз – шешендік сөздердің мағынасын түсінуге, шешен сөйлеуге, орфоэпиялық норманы сақтап сөйлеуге баулу.

«Қазақ әдебиеті» курсының мақсаты-қазақ әдебиеті майталмандарының өмірі мен шығармаларын тереңірек оқыту, әдебиет өнеріне қосқан үлесін менгеру, шығармаларында кездесетін ауыл адамдарының прототиптерін анықтау, кейіпкерлер әлемімен танысып өзіндік ой түйіндеу.

Информатика пәнінен таңдау курс жұмысының мақсаты: ақпараттық жүйелерді, процестерді зерттеу, жобалау және қолдану үшін компьютерлік модельдің теориясын, әдістерін және технологиясын игеру.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы алынды. Мақсаты- кәсіпкерлік және бизнес саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға үйрету.

11-сынып жаратылыстану-математикалық бағытпен оқытылды. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 11 сыныбына вариативтік компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген 4 сағат (бір-бір сағаттан) «Қазақ тілі», «Қазақстан тарихы», «Химия», «Биология» пәндеріне берілді.

11-сыныптағы аптасына 1 сағат «Қазақстан тарихы» курсының мақсаты -оқушылар бойына өз елінің тарихына деген шынайы құрмет пен сүйіспеншілікті дарыту.

11-сыныпта аптасына 1 сағат «Биология» пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты мемлекеттік стандартқа сәйкес биология пәнін білім деңгейін тереңдету, дүниетанымдық көзқарасын ояту.

11-сыныпта 1 сағат «Химия» пәнінен таңдау курстың мақсаты оқушылардың теориялық білімін тереңдетіп, химиялық есептер шығару арқылы ой-өрісін арттыру, оқушыны келешек өмірге дайындау білім алу және кәсіптік қызметті жалғастыруда кәсіби білік пен бейімділікті қалыптастыру.

11-сыныпта 1 сағат «Қазақ тілі» таңдау курсы мақсаты оқушылардың тіл сабақтарынан теориялық білімдерін кеңейте отырып, оқу сауаттылығына қызығушылықтарын арттыру.

11-сыныпта элективтік курс есебінен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы берілді. Мақсаты: кәсіпкерліктің негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған

2023-2024 оқу жылында 10-11-сыныптарда білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 21, 22-қосымшасы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 11, 12-қосымшасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды.

10-сынып жаратылыстану-математикалық бағытпен оқытылды. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныбына вариативтік компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір сағаттан 3 сағат «География», «Химия», «Физика», пәндеріне берілді.

«География» курсының мақсаты: білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен таныстырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Картамен жұмыс, шығармашылық жұмыс, тірек-конспектіледі қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

«Химия» курсының мақсаты- оқушылардың пәнді меңгеруге деген белсенділігін, ғылымға қызығушылықтарын арттыру.

Физика пәнінен таңдау курсының мақсаты: физика есептерін шығарудың заңдылықтары мен дұрыс мәдениетін қалыптастыру.

«Тіл мәдениеті» элективті курсының мақсаты өз ойын дәл және сауатты жеткізіп, өз бетімен шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға, ақпаратты жүйелеуге, талдаудың негізгі категорияларын қолдануға, себеп-салдар байланыстарын бөліп, қажетті мысал келтіруге, өз қорытындыларын дәлелдеуге үйрету.

11-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқытылды

Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 11 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір-бір сағаттан 3 сағат «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Физика» пәндерінен алынды.

11-сыныптағы аптасына 1 сағат «Қазақ әдебиеті» курсының мақсаты -оқушылар бойына өз елінің әдебиетіне шынайы құрмет пен сүйіспеншілікті дарыту.

11-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика» пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты мемлекеттік стандартқа сәйкес физика пәнін білім деңгейін тереңдету, дүниетанымдық көзқарасын ояту.

11-сыныпта 1 сағат «Қазақ тілі» таңдау курсы мақсаты оқушылардың тіл сабақтарынан теориялық білімдерін кеңейте отырып, оқу сауаттылығына қызығушылықтарын арттыру.

2024-2025 оқу жылында 10-11-сыныптарда білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 22-қосымшасы, ҚР Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығына 22-қосымшасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды.

10-11-сыныптарда вариативтік компонентінде аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілді. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Вариатив компонентіндегі таңдау пәндері:

10-11-сынып жаратылыстану-математикалық бағытпен оқытылады. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір сағаттан **3 сағат "География", "Физика"** пәндеріне және ҚР Оқу-Ағарту министрінің 31 қазан 2023 жылғы №328 бұйрығының 127-қосымшасына сәйкес **«Алғашқы әскери-технологиялық дайындық»** пәніне берілді

10-сыныпта география пәнінен «География» курсының мақсаты: білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен таныстырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру.

10-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика» пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты мемлекеттік стандартқа сәйкес физика пәнін білім деңгейін тереңдету, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 11 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір-бір сағаттан 3 сағат **«География», «Ағылшын тілі», «Физика»** пәндерінен алынды.

11-сыныптағы аптасына 1 сағат «Ағылшын тілі» курсының мақсаты -ағылшын тілінде грамматикалық материалды жақсы меңгерту, тілдің құрылымдық ерекшеліктерін таныту;

11-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика» пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты физика пәнін эксперименттік есептерді шешу жолдарын үйрету, білім деңгейін тереңдету, дүниетанымдық көзқарасын ояту.

11-сыныпта «География» курсының мақсаты: білім алушыларды әртүрлі географиялық қажетті материалдарды ақпарат көздерінен табуға үйрету, түсіндіру, талдау, бағалау арқылы пәнге

қызығушылығын арттыру

10-11-сыныптада аптасына 1 сағаттан «Креативті ойлау» элективті курсының мақсаты: Шығармашылық даралығы мен ерекше креативті ойлауы бар тұлғаны дамыту. Теориялық білім бере отырып, жаңа әдістеме арқылы креативті ойлауға бағыттау, стандартты емес шешімдерді қабылдауға ықпал ету;

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	0-4 кл	5-9 кл	10-11 кл	
2022-2023	0	1	0	1
2023-2024	0	1	0	1
2024-2025	0	0	0	0

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Инклюзивтік білім беру туралы:

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық- медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес төменде көрсетілген оқушыларға инклюзивті білім берілген. Білім алушылардың жеке психологиялық- медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алу қамтамасыз етілген.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 білім алушы білім алған.

1. Табынбай Аманат Сұлтанбекұлы-ПМПК № 24426 19.10.2022

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 білім алушы білім алған.

1. Табынбай Аманат Сұлтанбекұлы-ПМПК № 510 01.08.2023

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы №111 026/е нысаны, Форма №26/у 02.04.2024 жылғы емтиханнан босату туралы, 9 класс оқушысы Табынбай А Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген 4-тарауының 50, 51 тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облысы білім басқармасының 27.05.2024 жылғы №286 бұйрығы негізінде қорытынды аттестаттау емтихандарынан босатылды.

2023-2024 жылдар аралығындағы мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс-тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады.

Педагог-психологтары Досанова Г.Н., әлеуметтік педагог Л.Ж. Егешова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары»-на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс

жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы Л.Ж.Егешова ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыстық-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған.

Мектеп психологы, әлеуметтік педагогпен бірге психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы Л.Ж.Егешова ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциялар арқылы балаларға көмектер берілген, отбасындағы балалардың тұрмыс-жағдайын үнемі барып, бақылап актілеп отырады.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығын және ҚР Оқу -ағарту министрлігінің 2022жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығын басшылыққа алып, 2023 жылы 06 қыркүйегінде №361 бұйрығы шығарылып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі мамандардың құрамы бекітілген. Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріп, тапсырманы талдап, формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағалады. ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру.

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2023, 2023-2024,2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

1 сыныпта **вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша сабақ** есебінен жүргізілетін аптасына 1 сағат «Математика және логика » курсы алынды. Курстың мақсаты:балалардың танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игеру арқылы ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

2 сыныпта **вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша сабақ** аптасына 1 сағатқа «Математика және логика»сабағы берілді. Курстың мақсаты есте сақтаудың түрлерін, қиял мен зейінді және жалпы оқу икемі мен дағдыны қалыптастыру және дамыту.

3-4- сыныптарда **вариативтік компоненттің таңдауы бойынша сабақ** есебінен аптасына 1 сағаттан «Шахмат» үйірмесі алынды. Курс оқушыларды аз уақытта ойларын шоғырландыруға,туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді,алдына қойған мақсатына жетуге,төзімділікке тәрбиелейді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар вариативтік компоненттен:

1-2 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дойбы» үйірмесі жүргізіледі. Мақсаты-балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту,есептеуге,тапқырлыққа ,тез шешім қабылдауға үйрету

3-4-сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Тоғызқұмалақ» үйірмесі алынды. Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттілігін дамытып жетілдіру, жақсы ойнай білуге дағдыландыру, ойынға машықтандыру, ойынға қызығушылығын арттыруға, баланың бойындағы талант пен дарынды зерттеу және оны дамыту.

Негізгі орта білім беру бойынша вариативтік компоненттен:

Жаһандық құзыреттілік курсы (0,5 сағаттан) 5-8 сыныптарда берілді, жалпы сағат саны- -2; 9-сыныпта (бір сағат) берілді, жалпы сағат саны-1; Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Инвариантты компоненттен таңдауы бойынша алынған пәндер:

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациялары

таңдалды:

7-сыныпта 1 сағаттан : "География", "Шетел тілі" және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» жалпы сағат саны-3;

8-сыныпта 1 сағаттан : "Химия", "Физика" және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» пәніне 1 сағат- жалпы сағат саны -3;

9-сыныпта 1 сағаттан "Алгебра", "Физика" және инвариантты компоненттен 1 сағат «Қазақ тілі» пәні;жалпы сағат саны-3

Дене шынықтыру және спорттық ойындар:

5,6,7,8,9 – сыныптарда дене шынықтыру вариативтік компонентте 5 сағат «Волейбол» үйірмесіне берілді. Мақсаты оқушылардың волейбол ойыны туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып,тереңірек таныстыру, ойын барысында ептілікке, ұқыптылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Жалпы орта білім беру бойынша 10-11-сыныптарда вариативтік компонентінде аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілді. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Вариатив компонентіндегі таңдау пәндері:

10-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқытылады. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген 4 сағат (бір-бір сағаттан) «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Информатика», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндеріне берілді

10-сыныпта қазақ тілі пәнінен «Қазақ тілі» факультативтік курсының мақсаты-шешендік сөздің табиғатын танытып, айтылған ойды саралай білуге үйрету. Ұлттық құндылығымыз-шешендік сөздердің мағынасын түсінуге, шешен сөйлеуге, орфоэпиялық норманы сақтап сөйлеуге баулу.

10-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен «Қазақ әдебиеті» курсының мақсаты-қазақ әдебиеті майталмандарының өмірі мен шығармаларын тереңірек оқыту,әдебиет өнеріне қосқан үлесін меңгеру,шығармаларында кездесетін ауыл адамдарының прототиптерін анықтау,кейіпкерлер әлемімен танысып өзіндік ой түйіндеу.

10-сыныптағы Информатика пәнінен таңдау курс жұмысының мақсаты: ақпараттық жүйелерді, процестерді зерттеу, жобалау және қолдану үшін компьютерлік модельдің теориясын, әдістерін және технологиясын игеру.

10-сыныпта таңдау курсы есебінен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы алынды. Мақсаты-кәсіпкерлік және бизнес саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға үйрету.

11 –сынып жаратылыстану-математикалық бағытпен оқытылады. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 11 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген 4 сағат (бір-бір сағаттан) «Қазақ тілі», «Қазақстан тарихы», «Химия», «Биология» пәндеріне берілді.

11-сыныптағы аптасына 1 сағат «Қазақстан тарихы» курсының мақсаты -оқушылар бойына өз елінің тарихына деген шынайы құрмет пен сүйіспеншілікті дарыту.

11-сыныпта аптасына 1 сағат «Биология» пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты мемлекеттік стандартқа сәйкес биология пәнін білім деңгейін тереңдету,дүниетанымдық көзқарасын ояту.

11-сыныпта 1 сағат «Химия» пәнінен таңдау курстың мақсаты оқушылардың теориялық білімін тереңдетіп, химиялық есептер шығару арқылы ой-өрісін арттыру,оқушыны келешек өмірге дайындау білім алу және кәсіптік қызметті жалғастыруда кәсіби білік пен бейімділікті қалыптастыру.

11-сыныпта 1 сағат «Қазақ тілі» таңдау курсы мақсаты оқушылардың тіл сабақтарынан теориялық білімдерін кенейте отырып,оқу сауаттылығына қызығушылықтарын арттыру.

11-сыныпта элективті курс есебінен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы берілді. Мақсаты: кәсіпкерліктің негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған

Дене шынықтыру: спорттық ойындары есебінен 10-11 сыныптарына (бір-бір сағаттан) «Волейбол» берілді, жалпы сағат саны-2; Мақсаты: оқушыларға волейбол ойынының қимыл-қозғалыс түрлерінің базалық негізін үйрету, практикалық қабілетін қалыптастыру.

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы	Сағат саны
1	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Дойбы	1
1	Таңдауы бойынша сабақтар	Логика әлемі	1
2	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Дойбы	1
2	Таңдауы бойынша сабақтар	Математика және логика	1
3	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Тоғызқұмалақ	1
3	Таңдауы бойынша сабақтар	Шахмат	1
4	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Тоғызқұмалақ	1
4	Таңдауы бойынша сабақтар	Шахмат	1
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
5	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
6	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
7	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	География	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	Ағылшын тілі	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақ тілі	1
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
8	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Химия	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Физика	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақ тілі	1
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
9	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Тоғызқұмалақ	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	Алгебра	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	Физика	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақ тілі	1
10	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
10	Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттер	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	Қазақ әдебиеті	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	Информатика	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	Қазақ тілі	1
10	Элективті курстар		1
11	Элективті курстар	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	1
11	Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттерлік	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Биология	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Химия	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Қазақстан тарихы	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Қазақ тілі	1
11	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1

Инварианттық компонентерден 10-сыныпта қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша төмендетілген оқу жоспары бойынша білім алатындықтан, 4 сағат инвариантты компоненттегі

таңдау пәндеріне 1 сағаттан қазақ тілі, қазақ әдебиеті, информатика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәндеріне берілді. 29 тамыз 2022 жылғы №1 педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. 11-сыныпта жаратылыстану-математика бағыты төмендетілген оқу жоспары бойынша білім алатын, 4 сағат инвариантты компоненттегі таңдау пәндеріне 1 сағаттан қазақ тілі, биология, химия, Қазақстан тарихы пәндеріне берілді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша **сабақ** есебінен

1-4 сыныптарда аптасына 1 сағат «Математика және логика» курсы алынды. Курстың мақсаты: оқушыларға есептеу, талдау, ойлау, салыстыру, дәлелдеу дағдыларын қалыптастыра отырып, математика пәніне деген қызығушылықты дамыту, балалардың танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игеру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

2 сыныпта **вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша** аптасына 1 сағатқа «Көркем жазу» сабағы берілді. Курс оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді, сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілін жетілдіреді, ауызша айтқандарын дәптерге каллиграфия ережелерін сақтап жазуға үйретеді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар вариативтік компоненттен:

1-2 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дойбы» үйірмесі жүргізіледі. Мақсаты- балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, есептеуге, тапқырлыққа, тез шешім қабылдауға үйрету

3-4-сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Шахмат» үйірмесі алынды. Үйірме оқушыларды аз уақытта ойларын шоғырландыруға, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді, алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.

Негізгі орта білім беру деңгейі вариативтік компоненттен:

Жаһандық құзыреттілік курсы 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан жалпы сағат саны- 2;

9-сыныпта бір сағат берілген. Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Инвариантты компоненттен таңдауы бойынша алынған пәндер:

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативтік компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациялары таңдалды:

8-сыныпта 1 сағаттан "География", "Шетел тілі" және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» жалпы сағат саны-3;

7-сыныпта 1 сағаттан "Шетел тілі", "Қазақстан тарихы" және инвариантты компоненттен «Физика» пәніне 1 сағат- жалпы сағат саны -3;

9-сыныпта 1 сағаттан "Қазақ тілі", "Орыс тілі және әдебиет" және инвариантты компоненттен 1 сағат «География» пәні; жалпы сағат саны-3

Дене шынықтыру және спорттық ойындар:

6- сыныптарда дене шынықтыру вариативтік компонентте 1 сағат «Тоғызқұмалақ» үйірмесі алынды. Мақсаты: ұлттық ойын арқылы оқушылардың ойлау қабілеттілігін дамытып жетілдіру, жақсы ойнай білуге дағдыландыру, ойынға машықтандыру, ойынға қызығушылығын арттыруға, баланың бойындағы талант пен дарынды зерттеу және оны дамыту.

5,7,8,9 – сыныптарда дене шынықтыру вариативтік компонентте 3 сағат «Волейбол» үйірмесіне берілді. Мақсаты оқушылардың волейбол ойыны туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып, тереңірек таныстыру, ойын барысында ептілікке, ұқыптылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Жалпы орта білім беру бойынша 10-11-сыныптарда вариативтік компонентінде аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілді. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Вариатив компонентіндегі таңдау пәндері:

10-сынып жаратылыстану-математикалық бағытпен оқытылады. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныбына вариативтік компонентте инвариантты

компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір сағаттан 3 сағат «География», «Химия», «Физика», пәндеріне берілді.

10-сыныпта география пәнінен «География» курсының мақсаты: білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен таныстырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Картамен жұмыс, шығармашылық жұмыс, тірек-конспектіледі қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

10-сыныпта химия пәнінен «Химия» курсының мақсаты- оқушылардың пәнді меңгеруге деген белсенділігін, ғылымға қызығушылықтарын арттыру.

10-сыныптағы Физика пәнінен таңдау курсының мақсаты: физика есептерін шығарудың заңдылықтары мен дұрыс мәдениетін қалыптастыру.

10-сыныпта 1 сағат «Тіл мәдениеті» элективті курсының мақсаты өз ойын дәл және сауатты жеткізіп, өз бетімен шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға, ақпаратты жүйелеуге, талдаудың негізгі категорияларын қолдануға, себеп-салдар байланыстарын бөліп, қажетті мысал келтіруге, өз қорытындыларын дәлелдеуге үйрету.

11-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша оқытылады

Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 11 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір-бір сағаттан 3 сағат «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Физика» пәндерінен алынды.

11-сыныптағы аптасына 1 сағат «Қазақ әдебиеті» курсының мақсаты -оқушылар бойына өз елінің әдебиетіне шынайы құрмет пен сүйіспеншілікті дарыту.

11-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика » пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты мемлекеттік стандартқа сәйкес физика пәнін білім деңгейін тереңдету, дүниетанымдық көзқарасын ояту.

11-сыныпта 1 сағат «Қазақ тілі» таңдау курсы мақсаты оқушылардың тіл сабақтарынан теориялық білімдерін кеңейте отырып, оқу сауаттылығына қызығушылықтарын арттыру.

Дене шынықтыру: спорттық ойындары есебінен 10-11 сыныптарына бір-бір сағаттан «Волейбол» берілді, жалпы сағат саны-2; Мақсаты: оқушыларға волейбол ойынының қимыл-қозғалыс түрлерінің базалық негізін үйрету, практикалық қабілетін қалыптастыру

2023-2024 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы	Сағат саны
1	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Дойбы	1
1	Таңдауы бойынша сабақтар	Математика және логика	1
2	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Дойбы	1
2	Таңдауы бойынша сабақтар	Көркем жазу	1
3	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Шахмат	1
3	Таңдауы бойынша сабақтар	Математика және логика	1
4	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Шахмат	1
4	Таңдауы бойынша сабақтар	Математика және логика	1
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
5	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
6	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Тоғызқұмалақ	1
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
7	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	Ағылшын тілі	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	Биология Қазақстан тарихы	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	Физика	1
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1

8	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Ағылшын тілі	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	География	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақ тілі	1
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
9	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	Орыс тілі мен әдебиеті	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	География	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақ тілі	1
10	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
10	Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттер	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	География	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	Химия	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	Физика	1
10	Элективті курстар	Тіл мәдениеті	1
11	Элективті курстар		1
11	Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Қазақ әдебиеті	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Қазақ тілі	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Физика	1
11	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1

Инварианттық компоненттерден 10-сыныпта төмендетілген оқу жоспары бойынша білім алатындықтан, 3 сағат инвариантты компоненттегі таңдау пәндеріне 1 сағаттан география, физика, химия, қазақ тілі, 11-сыныпта қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндерінен қазақ әдебиеті, қазақ тілі, физика пәні берілді. 29 тамыз 2023 жылғы №1 педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді.

2024-2025 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейі бойынша 1 сыныпта вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша аптасына 1 сағатқа «Көркем жазу» сабағы берілді. Курс оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді, сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілін жетілдіреді, ауызша айтқандарын дәптерге каллиграфия ережелерін сақтап жазуға үйретеді.

2 сыныпта **вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша сабақ** есебінен аптасына 1 сағат «Математика және логика» курсы алынды. Курстың мақсаты: оқушыларға есептеу, талдау, ойлау, салыстыру, дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру.

2 сыныпта **вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша сабақ** есебінен аптасына 1 сағат «Қызықты грамматика» курсы алынды. Курстың мақсаты: білім алушыларда ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативтік білімі мен дағдысын қалыптастыру.

3-4 сыныпта **вариативтік компоненттегі таңдауы бойынша** аптасына 1 сағатқа «Мәнерлеп оқу» сабағы берілді. Курс мақсаты: оқушылардың шығармашылық ізденістерін қалыптастырып, шығармаларды нақышына келтіріп, мәнерлеп оқуға үйретеді.

шынықтыру: спорттық ойындар вариативтік компоненттен:

1-4 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Қозғалмалы ойындар» үйірмесі жүргізіледі. Мақсаты- спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту.

Негізгі орта білім беру бойынша вариативтік компоненттен:

Жаһандық құзыреттілік курсы 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан жалпы сағат саны- 2; 9-сыныпта бір сағат берілген. Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Инвариантты компоненттен таңдауы бойынша алынған пәндер:

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациялары таңдалды:

7-сыныпта "Қазақстан тарихы", "География" 1 сағаттан және инвариантты компоненттен 1 сағат "Қазақ әдебиеті" пәні, жалпы сағат саны-3;

8-сыныпта 1 сағаттан "Шетел тілі", "Қазақстан тарихы" және инвариантты компоненттен «Физика» пәніне 1 сағат- жалпы сағат саны -3;

9-сыныпта 1 сағаттан "География", "Шетел тілі" және инвариантты компоненттен «Қазақ тілі» жалпы сағат саны-3;

Дене шынықтыру және спорттық ойындар:

5- сыныпта дене шынықтыру вариативтік компонентте 1 сағат» **«Шахмат»** үйірмесі алынды. Мақсаты: Шахмат сабағы арқылы шығармашыл,дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау. Шахмат ойынының теориялық білімін практикамен ұштастыру арқылы әдіс-тәсілдерін меңгерту

6,7,8,9-сыныптарда дене шынықтыру вариативтік компонентте 4 сағат **«Волейбол»** үйірмесіне берілді. Мақсаты оқушылардың волейбол ойыны туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып,тереңірек таныстыру, ойын барысында ептілікке, ұқыптылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Жалпы орта білім беру бойынша 10-11 сынып оқушыларының өз бейімдіктері мен сұраныстары және ата-ана тілегін қанағаттандыру мақсатында жаратылыстану-математикалық бағытын таңдады.

10-11-сыныптарда вариативтік компонентінде аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілді. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Вариатив компонентіндегі таңдау пәндері:

10-11 –сынып жаратылыстану-математикалық бағытпен оқытылады. Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір сағаттан **3 сағат «География»**», **"Физика"** пәндеріне және ҚР Оқу-Ағарту министрінің 31 қазан 2023 жылғы №328 бұйрығының 127-қосымшасына сәйкес **«Алғашқы әскери-технологиялық дайындық»** пәніне берілді

10-сыныпта география пәнінен «География» курсының мақсаты: білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен таныстырып,танымдық қабілеттерін жетілдіру.

10-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика» пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты мемлекеттік стандартқа сәйкес физика пәнін білім деңгейін тереңдету, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 11 сыныбына вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне берілген бір-бір сағаттан **3 сағат «География», «Ағылшын тілі», «Физика»** пәндерінен алынды.

11-сыныптағы аптасына 1 сағат «Ағылшын тілі» курсының мақсаты -ағылшын тілінде грамматикалық материалды жақсы меңгерту,тілдің құрылымдық ерекшеліктерін таныту;

11-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика» пәнінен алынған таңдау курсының мақсаты физика пәнін эксперименттік есептерді шешу жолдарын үйрету, білім деңгейін тереңдету, дүниетанымдық көзқарасын ояту.

11-сыныпта география пәнінен «География» курсының мақсаты: білім алушыларды әртүрлі географиялық қажетті материалдарды ақпарат көздерінен табуға үйрету, түсіндіру, талдау, бағалау арқылы пәнге қызығушылығын арттыру

10-11-сыныптада аптасына **1 сағаттан «Креативті ойлау»** элективті курсының мақсаты: Шығармашылық даралығы мен ерекше креативті ойлауы бар тұлғаны дамыту. Теориялық білім бере отырып,жаңа әдістеме арқылы креативті ойлауға бағыттау, стандартты емес шешімдерді қабылдауға ықпал ету;

11-сыныпта:

Дене шынықтыру: спорттық ойындары есебінен 10-11 сыныптарына бір-бір сағаттан **«Волейбол» үйірмесі** берілді, жалпы сағат саны-2;
Мақсаты:оқушыларға волейбол ойынының қимыл-қозғалыс түрлерінің базалық негізін үйрету, практикалық қабілетін қалыптастыру.

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы	Сағат саны
1	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Қимыл-қозғалыс ойындары	1
1	Таңдауы бойынша сабақтар	Көркем жазу	1
2	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Қимыл-қозғалыс ойындары	1
2	Таңдауы бойынша сабақтар	Математика және логика	1
2	Таңдауы бойынша сабақтар	Қызықты грамматика	1
3	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Қимыл-қозғалыс ойындары	1
3	Таңдауы бойынша сабақтар	Мәнерлеп оқу	1
4	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Тоғызқұмалақ	1
4	Таңдауы бойынша сабақтар	Математика және логика	1
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
5	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Футбол	1
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
6	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
7	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	География	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақстан тарихы	1
7	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақ әдебиеті	1
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
8	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Ағылшын тілі	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақстан тарихы	1
8	Таңдауы бойынша пәндер	Физика	1
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік	1
9	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	Ағылшын тілі	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	География	1
9	Таңдауы бойынша пәндер	Қазақ тілі	1
10	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1
10	Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттер	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	География	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	Алғашқы әскери-технологиялық дайындық	1
10	Таңдауы бойынша сабақтар	Физика	1
10	Элективті курстар	Креативті ойлау	1
11	Элективті курстар	Креативті ойлау	1
11	Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	География	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Ағылшын тілі	1
11	Таңдауы бойынша сабақтар	Физика	1
11	Дене шынықтыру: спорттық ойындар	Волейбол	1

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

Зерделеу барысында: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4 сыныптарда

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті менгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде; жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске

асырады. 3-қосымша 4-тарау 56-тармақшасы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4- қосымша 4-тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10 сыныпта

«Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Мектеп бойынша «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсы жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда-15 сағат, 10 сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының қыркүйектегі мектеп директорының «Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу» № бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. «Көшеде жүру және өзін-өзі ұстау ережелері», «Жол жүру ережелері», «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!» тақырыбындағы сынып сағаттары, «Жол жүру тәртібі» тақырыбында сурет көрмесі, «Абайлаңыз, балалар!» науқаны бойынша оқушылардың жолда жүру ережелерін сақтауына көп көңіл бөлінеді. Жыл бойы сынып сағаттары, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер өткізілді. Жүргізіліп жатқан жұмыс оқушыларды жолда жүру ережелерін сақтауға, жол белгілерімен таныстыруға, жол-көлік жарақатын болдырмау үшін ережелерді мүлтіксіз орындауға үйретуге бағытталған. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері бастауыш сынып оқушыларымен жол белгілері, жолдағы жүріс-тұрыс ережелері туралы әңгімелесті. Жоғары сынып оқушыларымен де жол белгілері, жол ережелері туралы «Жол ережесін білу – бәріне міндет» тақырыбында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу өткізілді.

«Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес 1-8 сыныптарда сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып, электронды журналға жазылған. 1-4 сыныптарда әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған стандартты тақырыптар бойынша жылына – 6 сағат. 5-8 сыныптарда әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған стандартты тақырыптар бойынша жылына – 10 сағат.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

Зерделеу барысында:

2022-2023 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1 сыныпта-19,5 сағаттан, 2-сыныпта-24 сағаттан, 3-сыныпта-26 сағаттан, 4-сыныпта-26 сағаттан, 5-сыныпта-28,5сағаттан, 6-сыныпта-28,5сағаттан, 7-сыныпта-32,5 сағаттан, 8-сыныпта-32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан, 10 сыныпта-33 сағаттан, 11-сыныпта-34 сағаттан асқан жоқ.

2023-2024 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1 сыныпта-19,5 сағаттан, 2-сыныпта-24 сағаттан, 3-сыныпта-26 сағаттан, 4-сыныпта-26 сағаттан, 5- сыныпта-28,5сағаттан, 6-сыныпта-28,5сағаттан, 7-сыныпта-32,5 сағаттан, 8-сыныпта-32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан ,10 сыныпта-33 сағаттан, 11-сыныпта-34 сағаттан асқан жоқ.

2024-2025 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1 сыныпта-19,5 сағаттан, 2-сыныпта-24 сағаттан, 3-

сыныпта-26 сағаттан, 4-сыныпта-26 сағаттан, 5-сыныпта-28,5сағаттан, 6-сыныпта-28,5сағаттан, 7-сыныпта-32,5 сағаттан, 8-сыныпта-32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан, 10 сыныпта-33 сағаттан, 11-сыныпта-34 сағаттан асқан жоқ.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалады.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2022-2023	Инвариантты	17,5	22	24	24	27	27	28	28	29	27	27
	Вариативтік	2	2	2	2	1,5	1,5	4,5	4,5	5	6	7
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	32,5	32,5	34	33	34
2023-2024	Инвариантты	17,5	22	24	24	27	27	28	28	29	28	28
	Вариативтік	2	2	2	2	1,5	1,5	4,5	4,5	5	6	5
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	32,5	32,5	34	34	33
2024-2025	Инвариантты	17,5	22	24	24	27	27	28	28	29	28	28
	Вариативтік	2	2	2	2	1,5	1,5	4,5	4,5	5	6	6
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	32,5	32,5	34	34	34

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Оқу мерзіміне өлшемшарттар

Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1-класқа қабылдау, 10-класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

Аталған оқу жылдарында мектепте бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары» негізінде оқушылар басқа білім беру ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.

2022-2023 оқу жылының басында 133 оқушы. 1 сыныпқа- 16оқушы, 10-сыныпқа 11 оқушы қабылданған. 9 кластан 11 оқушы, 11 кластан 8 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2023-2024 оқу жылының басында 139 оқушы. 1 сыныпқа- 14 оқушы, 10-сыныпқа 11

оқушы қабылданған. 9 кластан 12оқушы, 11 кластан 9 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім беру ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Педагогикалық кенесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) каралып, шешім шығарылып отырған.

2024-2025 оқу жылының басында 137 оқушы. 1 сыныпқа-15 оқушы қабылданды.10 сыныпқа 8 оқушы қабылданды.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы-9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2022-2023 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2023-2024 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2023 жылғы 30 қазан-5 қараша аралығында), қысқы-10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі-11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2023-2024 оқу жылы

Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы. 2024 жылғы 1 қыркүйек-2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс-күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).

Мектеп 2005 жылы салынып, пайдалануға берілді. Жалпы ауданы-2454.60 ш/м. Мектеп

ғимараты 320 орынға арналған. Оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған. Ағымдағы жөндеулер бойынша мәлімет: 2022 жылы мектеп ғимаратына 167101129.4 теңгеге теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді. 2023,2024 жылдары ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, биология, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орындары бар. Оқу орындары үй-жайдың максатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған.

Техникалық төлқұжат бойынша үй-жайлар, бөлмелер саны-28, оқу кабинеттері-11.

Физика-1 (48,30м²); (физика кабинеті 2008 жылы жабдықталған), Химия-1 (59,70м²); Биология- (63,30м²); Мультимедия-1 (48м²); АӨТД-1 (32,40м²); Бастауыш кабинеті-1 (48,30м²); Тарих кабинеті-1 (55,9 47,10м²); Технология қыз балалар кабинеті-1 (35,10м²); Технология ер балалар кабинеті-1 (69,60м²); Информатика-1 (48,30 м²); Орыс тілі кабинеті -1 (48 м²); Химия кабинеті-1 (59,70м²); Зертханалық кабинет-2 (36м²); Әмбебап кабинеті-1 (59,70 м²); Интерактивті такта-5, Интерактивті панель такта-4, Проектор-5, шаңғы комплектте таяктармен-8жұп, лақтыруға арналған доптар-22 (футбол, волейбол, баскетбол), гимнастикалық ешкі-1, гимнастикалық төсеніш-16, қаратө төсеніші-12, волейбол торы-1, үстел теннис жиынтығы-2, шахмат-6 жиынтығы, тоғызқұмалақ-6 жиынтық, коньки-5 жұп, шағын футбол воротасы-2, дабыл конусы-48 дана, тестовый мат для прыжков-1, гимнастикалық көпір-1, швед қабырғасы-7 жиынтық, швед скамейка-8, обруч-10.

Қосалқы кабинеттер (мамандар кабинеті): директор, әлеуметтік педагог-1, медкабинет-1, спорт зал-272,60м².

Мектепте оқу кабинеттерінің жабдықталу көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал-жабдықтар, физика, биология, химия, информатика кабинеттерімен жабдықтаудың шкафтар, стендтер, принтер және т.б зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде проектор, экрандармен жабдықталған. Сыныпта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың дербес компьютерлермен (ноутбуктармен) қамтамасыз етілген.

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).

Мектептің оқу кабинеттері қажетті оқу-дидактикалық кешендермен жабдықталған. Компьютерлік технологиялар басқаруда және оқытуда қолданылады. 5 кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған. Шеберханалардың, зертханалардың жабдықтары нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданды.

Жиһаздың дизайны, оның өлшемдері, орналастыру ережелері санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес Физика зертханасы-18 кв/м, химия зертханасы-18 кв/м оқу зертханаларының құралдары көрсетілген. /қосымша-9/. Ғимаратта №ҚР ДСМ -76 бұйрыққа сәйкес санитарлық тораптардың (унитаз, қол жуғыштар болуы). Мектепте 1 ауыз су ішетін орын бар. 15 унитаз, 16 қол жуғыш бар.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Мектебімізде балаларға медициналық қызмет көрсететін кабинет бар, бір мектеп медбикесі, 1 балабақша медбикесі қызмет көрсетеді. Жұмысты жоспарлау және медициналық кабинетті тиісті нормативтік құжаттармен жабдықтау белгіленген тәртіппен айқындалады. Медициналық қызмет

«Темір аудандық ауруханасымен» байланыста жүзеге асырылады. Аурухана мамандарға кеңес береді, Мектепте күніне 3 рет тазалық жұмыстары жүргізіледі. Үзілістегі терезелер желдетіледі. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Темір аудандық ауруханасы» тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған.

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер «Теректі мектеп-балабақшасы» КММ (2043-2025 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Теректі мектеп-балабақшасы, Мектеп көшесі, 22 үй	Лицензия №10772DD 17.11.2012ж	

Мектеп сайты: terekti-sh.edu.kz ;

